

А.Байтұрсынұлы–150

Алаштану ғылымы арыстарымыздың еңбектерін барынша қамтуы керек. Жыл өткен сайын Алаштың абыройы асқақтап, беделі биіктей береді. Олардың атқарған ісі ешқашан маңызын жоғалтпайды. Себебі, ұлт мүддесі, ел қамы деген ұғымдар – мәңгі құндылықтар.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

АХМЕТТАНУ



ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ҰЛЫҚ БЕЙНЕСІ

6-7

АЛМАТЫ – ЖАСТАР ҚАЛАСЫ



ЖАСТЫҚТЫҢ ӨЗІ ӘДЕМІ...

12

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ШАҒАР БАСШЫСЫ ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев 8 қыркүйек күні сағат 9.00-де Жетісу ауданының тұрғындарымен кездеседі.

4

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

6.09.2022

Түнде:



+20+22 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+32+34 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

7.09.2022

Түнде:



+20+22 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+34+36 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №102 (6237) 6 қыркүйек, сейсенбі, 2022 жыл.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЗАРДАП ШЕККЕН АЗАМАТТАРДЫҢ БӘРІНЕ ҚАЖЕТТІ КӨМЕК БЕРІЛЕДІ



Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қостанай облысына жұмыс сапарымен барды. Өрттен зардап шеккен Әулікөл ауданындағы аумақты аралағаннан кейін Президент шұғыл әрекет ету штабының отырысын өткізді.

2

НӨМІРДІҢ НАҚЫЛЫ:

Біздің заманымыз – өткен заманның баласы,
келер заманның атасы!

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.

#КүшімізБірлікте!

АЛМАТЫЛЫҚТАР ҚОСТАНАЙҒА КӨМЕКТЕСУДЕ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы әкімдігі Қостанай облысында зардап шеккендерге гуманитарлық көмек жинағын жариялады. Бұған қала тұрғындары мен ерікті азаматтар өз үлесін қосып жатыр.

3

ҚЫСҚА...

- Елімізде күзгі әскерге шақыру кезеңі басталды.
- 14 қыркүйекте Қазақстанға мемлекеттік сапармен Си Цзиньпин келеді.
- Қостанай облысының тұрғындары тегін байланыспен қамтамасыз етілді.
- Елордада «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы» атты халықаралық конференция өтті.
- Ұлттық банк базалық мөлшерлемені 14,5% деңгейінде сақтап қалды.
- 2023 жылдың 1 қаңтарында еліміз бойынша ең төменгі жалақы 60 мыңнан 70 мың теңгеге көтеріледі.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың, Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин мен Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетовтың өрт аймағындағы жедел жағдай туралы есебін тыңдады.

«Барлық мемлекеттік органдардың жұмысын Президент Әкімшілігінің басшысы Мұрат Нұртілеу мен Президенттің көмекшісі – Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Ғизат Нұрдаулетов үйлестіреді. Олар Мемлекет басшысына өртті ауыздықтау және елдімекендерден азаматтарды эвакуациялау бойынша қабылданған шаралар туралы жедел баяндап отыр», деп жазылған хабарламада.

Президент азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен өртті сөндіру шараларына басымдық беруді тапсырды. Сондай-ақ, Үкіметке төтенше жағдайдың салдарын жою үшін қажетті қаражат бөлу туралы тапсырма берілді.

■ СЕНАТ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев АҚШ Конгресінің мүшелері Джимми Панеттамен және Томас Суозимен кездесті. Конгресмендер Қазақстанның өркениетаралық диалогты қамтамасыз етуге және бейбітшілікті, елдер арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға қосқан үлесін жоғары бағалады.

Мәулен Әшімбаев Қазақстан мен АҚШ-тың арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 30 жыл толғанын, осы уақытта түрлі салада бірлескен жобалар мен екіжақты байланысты арттыруға арналған бағдарламалар табысты іске асырылғанын атап өтті. Қазақстан Парламенті алдағы кезеңде АҚШ Конгресімен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделі екенін айтты. Төраға Мемлекет басшысының бастамасымен Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформаларға тоқталды. Еліміздің саяси жүйесін демократияландыруға және Президент Жолдауындағы жаңа бастамаларға баса мән беріп, жүргізіліп жатқан өзгерістердің стратегиялық сипатына назар аударды. Кездесу барысында бірегей және тарихи оқиға – Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезі туралы да сөз болды. Съезд Хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев қазірдің өзінде әлемнің 50-ден астам елінен 100-ден астам делегация аталған іс-шараға қатысатындарын растағанын айтты. Съезд қорытындысы бойынша Декларация қабылданып, ол БҰҰ-ның ресми құжаты ретінде таратылады.

■ МӘЖІЛІС

Мәжілістің баспасөз қызметі хабарлағандай, депутаттық корпус Қостанай облысында өрт салдарынан зардап шеккендерге бір күндік жалақысын аударады.

Қостанай облысының тұрғындары бұрын-соңды болмаған қайғылы жағдай – өртке тап болды. Өкінішке орай, қайтыс болған адам бар. Жүздеген үй мен өндірістік нысандар қирады. Орман қоры мен жануарлар әлеміне үлкен зиян келді. Қазіргі уақытта уәкілетті органдар барлық қажетті шараларды қабылдауда. Мемлекет басшысы жағдайды жеке бақылауда ұстап отыр. Осындай ауыр кезеңде барлық қазақстандықтарға қостанайлықтармен бірге болып, қолдан келгенше көмек көрсету маңызды. Осыған байланысты Парламент Мәжілісі Қостанай облысында өрт салдарынан зардап шеккендерге бір күндік жалақысын аудару туралы шешім қабылдады. Мәжілісмендер мен аппарат қызметкерлері марқұмның туған-туыстарына көңіл айтып, зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуін тілейді.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Қостанай облысындағы алапат табиғи өрттердің салдарын жою мәселелері бойынша жедел кеңес өткізді.

Төтенше жағдайлар бірінші вице-министрі Ибрагим Күлшімбаев күрделі метеорологиялық жағдайға, ауа температурасының 36 градустан асуына байланысты Қостанай облысында, әсіресе, орман алқаптарында күрделі өрт жағдайы қалыптасқанын баяндады. 43 мың га орман шаруашылығы өртке оранды. Қазіргі уақытта 1841 адам қауіпсіз жерге көшіріліп, ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Жедел желі ашылып, зардап шеккендермен психологтар жұмыс істеп жатыр. 10 адам зардап шекті, бір адам қайтыс болды. 108 үй-жай жойылып, бүлінген. Өрт сөндіруге жеке құрамнан 600-ден астам адам және 100-ге жуық техника жұмылдырылды. Тікұштар іске қосылды. Жедел штаб жұмыс істеп жатыр. Үкімет басшысы тұрғындар мен ауыл шаруашылығына келтірілген залалды бағалауды тапсырды. Қаржы және Ұлттық экономика министрлігіне Үкіметтің резервінен өрттен келтірілген залалды өтеуге қаражат бөлу туралы қаулы жобасын дайындау, баспанасынан айырылған азаматтар үшін жаңа тұрғын үйлер салу жұмысын шұғыл бастау міндеттелді. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне Қостанай облысының зардап шеккен аудандарында көлік қатынасын қалпына келтіру және барлық инженерлік және инфрақұрылымдық объектілердің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, Ауыл шаруашылығы министрлігіне облыс әкімдігімен бірлесіп, қажет болған жағдайда зардап шеккен фермерлерге және жеке қосалқы шаруашылық иелеріне көмек көрсету тапсырылды.

Әлихан Смайылов Денсаулық сақтау министрлігіне зардап шеккендерге қажетті медициналық көмек көрсетуді, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне облыс әкімдігімен бірлесіп, әлеуметтік көмек көрсетуді, Ішкі істер министрлігіне эвакуация аймақтарында азаматтардың қоғамдық қауіпсіздігін және мүлкінің бүлінбеуін қамтамасыз етуді, сондай-ақ халық арасында отты абайсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік туралы түсіндіру жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

■ ӘКІМ

Қостанай облысында өрттен зардап шеккендерге 91 үй салынады. Әуликөл ауданында орман өртінен зардап шеккендерге арналған жаңа үйлердің құрылысына жер бөлінді.

Бұл туралы өңір әкімі Архимед Мұхамбетов мәлімдеді. «Премьер-Министр тапсырмасы бойынша Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі көмек көрсетіп жатыр. Бірлескен жұмыс тобы құрылды», – деді облыс басшысы. Сондай-ақ, ол өңірдің ауа райына байланысты барлық жұмысты қазан айының соңына дейін аяқтауды тапсырды. Жоба бекітілгеннен кейін бірнеше күн өткен соң, жергілікті билік зардап шеккендерге арналған тұрғын үй құрылысын бастауға ниетті. Өңір әкімі жұмысқа кәсіби мамандар тартылып, үйлер тез әрі сапалы салынады деп сендірді. Өрт аумағы 43 мың гектардан асып, екі мыңға жуық адам эвакуацияланды. Жедел желі жұмыс істейді, сондай-ақ төтенше жағдайлар министрлігі мен Қостанай облысының ТЖД психологтарының жұмысы ұйымдастырылды.

#КүшімізБірлікте!



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЗАРДАП ШЕККЕН АЗАМАТТАРДЫҢ БӘРІНЕ ҚАЖЕТТІ КӨМЕК БЕРІЛЕДІ



(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин мен Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетовтің өртті ауыздықтау, елдімекендердегі азаматтарды эвакуациялау және зардап шеккен тұрғындарға қолдау көрсету жөнінде қабылданған шаралар туралы баяндамаларын тыңдады.

Президент өңірдегі ахуалдың бақылауда екенін айтты. Табиғи апатты жою үшін барлық қажетті шаралар қабылданған.

Қасым-Жомарт Тоқаев болған жағдайдан тиісті сабақ алу қажет екенін атап өтіп, өртті толық әрі жылдам ауыздықтау үшін шұғыл әрекет ету штабына барлық ведомствоның үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған бір-қатар нақты тапсырма берді. Соны-

мен қатар, Президент үйлерін тастап кетуге мәжбүр болған адамдарға толыққанды қолдау көрсетудің маңызды екенін атап өтті. Үкімет пен Қостанай облысының әкімдігіне зардап шеккен тұрғындарға шұғыл түрде өтемақы төлеу мәселесін қамтамасыз ету тапсырылды.

– Зардап шеккен азаматтардың бәріне қажетті көмек беріледі. Олар қауіпсіз жерге көшірілді. Менің тапсырмам бойынша Үкімет тиісті мәселелерді шешу жұмыстарымен айналысып жатыр. Көмек көрсетілетіні ешқандай күмән болмауға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев өрттің шығу себебін анықтау қажет екеніне назар аударды. Оның айтуынша, орман алқабын қайта қалпына келтіру үшін кешенді шаралар әзірлеп, алдағы уа-

Үкімет пен Қостанай облысының әкімдігіне зардап шеккен тұрғындарға шұғыл түрде өтемақы төлеу мәселесін қамтамасыз ету тапсырылды.

қытта осындай апатты жағдайларды болдырмау жөніндегі алдын алу жұмыстарын жүргізу керек.

Президент Төтенше жағдайлар министрлігін ведомство қызметкерлерінің әлеуметтік, соның ішінде тұрғын үйге және жатақханаға қатысты мәселелерін шешуге және қамтамасыз етуге, сондай-ақ кәсіби кадрлардың дайындық деңгейін арттыруға қабілетті институт ретінде айтарлықтай күшейту қажет екенін айтты.

Үкімет қиын жағдайды еңсеру үшін барлық шараларды қабылдайды.

Мемлекет басшысы Төтенше жағдайлар, Ішкі істер және Қорғаныс министрліктерінің өрт сөндіру бөлімшелерінің жеке құрамымен, сондай-ақ өртті ауыздықтауға тартылған еріктілермен кездесті. Қасым-Жомарт Тоқаев төтенше жағдайды жоюға атсалысқан барлық азаматтың жасаған ерлігі үшін алғыс білдіріп, олар наградалар мен сыйлықтарға ұсынылатынын айтты.

Шұғыл әрекет ету штабы отырысынан кейін Мемлекет басшысы орман өртінен зардап шеккен Аманқарағай ауылының аумағын аралады.

Мемлекет басшысы Әуликөл ауылындағы мектепте орналасқан эвакуациялау пунктінде зардап шеккен азаматтармен кездесіп, гуманитарлық көмек тарату пунктін барды.

Зардап шеккендермен кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет қиын жағдайды еңсеру үшін барлық шараларды қабылдайтынын айтты.

– Өкінішке қарай, үлкен өрт болды. Дегенмен, тиісті көмек көрсетіледі. Сіздердің баспанасыз қалғандарыңызды білемін. Үкімет екі, екі жарым айда сіздерге бұрынғыдан әлдеқайда жақсы жаңа үйлер салып береді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент еріктілермен әңгімелесіп, оларға көрсеткен көмегі үшін алғыс айтты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





#КүшімізБірлікте!

АЛМАТЫЛЫҚТАР ҚОСТАНАЙҒА КӨМЕКТЕСУДЕ



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

(Басы 1-бетте)

Қостанай облысындағы өртке байланысты Алматыда өрттен зардап шеккендерге гуманитарлық көмек жинау басталды. Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының фронт-офисінің еріктілері Мемлекеттік жастар саясаты қорымен, Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасымен, сондай-ақ Алматы қаласының аудандық әкімдіктерімен бірлесіп, Қостанай облысындағы өрттен зардап шеккендерге гуманитарлық көмек жинағын ұйымдастырды.

ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК БЕРІЛЕДІ

«Қаражат пен қажетті азық-түлік, киім-кешек пен құрылыс материалдарын жинауға кәсіпкерлер, аудандық әкімдіктер қосылды. Бүгін Қостанай облысына гуманитарлық көмекпен төрт жүк көлігі аттанады. Біз негізгі азық-түлік – су, қант, май, жарма, печенье, кептірілген жемістер және т.б., сондай-ақ ересектер мен балаларға арналған киім, мектеп керек-жарақтары, аяқкиімдер жинадық», – деп түсіндірді Жастар саясаты басқармасының басшысы Қайыржан Мендіғалиев.

Гуманитарлық көмек жинау және еріктілерді қабылдау қаланың барлық сегіз ауданында таңертең ерте жүргізіледі. Жиынның бас штабы Байтұрсынов көшесі, 22, 1-бөлме мекенжайы бойынша DEPO EVOLUTIONS PARK болып белгіленді. Азық-түлік, ұзақ мерзімді сақтау өнімдері, дәрі-дәрмектер, гигиена құралдары, киім және төсек-орын жабдықтары жиналады.

«Біз қалалық волонтерлік ұйымдарды біріктірдік. Жастар саясаты басқармасының фронт-офисінің еріктілері, сондай-ақ студенттер қатарындағы Мемлекеттік жастар саясаты қорының еріктілері таңертеңнен бастап гуманитарлық көмек қабылдау пункттерінде жұмыс істеуде. Мегаполис тұрғындары да шетте қалған жоқ. Бізге киімдер, балалар тағамдарын әкелуде. Қазіргі уақытта еріктілер жүк көліктерін Қостанай облысына жөнелтуде», – деді Алматы қаласының мемлекеттік жастар саясаты қорының директоры Әзиз Қажденбек.

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшылығы қала тұрғындарын акцияға қосылуға және Қостанай облысында зардап шеккен отбасыларға көмектесуге шақырды. Көмек көрсетуге, волонтер болуға немесе азық-түлікпен қамтамасыз етуге көмектескісі келетіндердің барлығына ұйымдастырушылар 8 707 438 77 33 телефоны бойынша – Алматы қаласының волонтерлер фронт-офисінің басшысы Нұрсұлтан Болатұлына қоңырау шалуды сұрайды.

Сонымен қатар, алматылық еріктілер қалпына келтіру жұмыстарына қатысады, сондай-ақ Қостанай облысында жүк жинау үшін арнайы көймалар ұйымдастырады және халыққа көмек тарату жұмыстарын жүргізетін болады.

АЛҒАШҚЫ ЛЕК

Алматыдан Қостанайға жиналған жылудың алғашқы легі 4 қыркүйекте аттанған болатын. Осы жұмыстың қалай өрбігендігі туралы да айта кетсек дейміз. Алматыда «Жастар рухы» коворкинг-орталығында Қостанайдағы төтенше жағдайға байланысты гуманитарлық көмек ұйымдастырылуда.

Бұл шараға мұрындық болушы Аманат партиясының Алматы қалалық филиалы болып табылады. Бірнеше күннен бері Қостанай облысының Әулікөл ауданындағы өрттен орман-тоғай ғана өртеніп қоймай, адам шығыны да орын алды. Тілсіз жау біршама аумақты шарпыды. Соның салдарын жоюға Алматы жұртшылығы да өз жәрдемдерін тигізуде.

Аталған көмек орталығына белді кәсіпкерлер, қала тұрғындары, қарапайым азаматтар да өз үлестерін қосуда. Нақтырақ айтқанда, қант, ұн, күріш, сары май, сабын сынды тұрмыстық қажеттілік тудыратын заттар жиналу үстінде. Бұл туралы «Жастар рухы» ЖК АҚФ төрағасы Әкежан Кеңесов мәлім етті.

Сонымен қатар, аталған орталықтың жұмысына қарапайым шаһар тұрғындары мен жастар да өз үлестерін қосып, атсалысуда.

«Біз отбасымызбен бірге осы бір келеңсіз хабарды естідік. Анық-қанығын әлеуметтік желілерден білдік. Осы жағдайға жүрегіміз ауырды. Сол себепті де аз да болса көмектесуді ойладық. Сондықтан киім-кешек, азық-түлік сынды түрлі нәрселерді өткіздік», – деді Ершат Сәбитов есімді қала тұрғыны.

ИГІ НИЕТ ТОЛАСТАР ЕМЕС

Алматылықтар бастаған көмекке қосылушылар саны өте көп. Алғашқы бір-екі күнгі жылудың уақытында 200-ден астам адам өз үлестерін қосқан.

Қала тұрғындары Қостанайдағы алапат өрттің салдарын естігеннен кейін де-бір таппады. Кейбірі қолындағы азық-түлік, тұрмысқа қажетті заттар, көрпе-төсек сынды, т.б. нәрселерді әкеліп өткізген. Әсіресе, жастар жағы белсендірек көрінді. Олар әлеуметтік желінің көмегімен коворкинг-орталыққа байланысқа шығып, қол жәрдемінен бастап, барша істерге бір кісідей атсалысқаны байқалады. Осыған орай қиын сәтте қолұшын созып, көмектесуге ниеттенген жандарды тілге тартқан болатынбыз.



Әкежан БАҚЫТҰЛЫ,
Алматы қалалық «Жастар рухы» Жастар қанатының төрағасы:

ЕЛДІҢ БІРЛІГІНЕ РАХМЕТ

Бүгін таңертеңнен бастап Қостанайға көмек қолын созу мақсатында гуманитарлық пункт ашылды. Осы пунктке еріктілер, тұрғындар, көмектесуге ниетті жастар келіп жатыр. Мұнда азық-түліктен бөлек, жеке гигиеналық заттар әкелінуде. Сонымен бірге, құрылыс заттарын да алып келуде. Жалпы, көмектесем деушілер қатары артып барады.

Алматы қаласының әкімдігі, мәслихат депутаттары қолдауын білдіріп жатыр. Олар өз тарапынан материалдық және рухани жәрдемдерін аямауда. Дәлірек айтқанда, қарапайым азаматтардың еңбегі орасан. Шаһар тұрғындары тұрмыста жиі қолданылатын заттарды өткізді. Оның өзі үлкен көмек. Осындай қысылтаяң шақта қолындағы барын Қостанай жұртшылығына үлестіріп жатқан жандарға ризашылығымыз шексіз.

Соңғы күндері болған тілсіз жаудың шығынының орнын сәл де болса бүтіндеуге атсалысу мақсатында жүк көліктерімен бірге өзім де жолға аттанып барамын. Ал көмек қолын созам деуші жандарға есік ашық. Елімізде әр уақытта тыныштық, бақыт-береке орнай берсін. Енді мұндай ыңғайсыз оқиға болмасын. Тек жақсылық пен мейірім нұрын шашқан шуақты күндерде жолығуға жазсын демекпіз!



Мейіржан ОТЫНШИЕВ,
Алматы қалалық Аманат партиясының атқарушы хатшысы:

БІРЛЕСЕ КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Біздің қалада ұйымшылдық мықты. Азаматтар келеңсіз жағдайды естіген сәттен бастап, қол қусырып қарап отырмады. Аманат партиясының басшысы Ерлан Жақанұлының тапсырмасына сәйкес Қостанай облысындағы төтенше жағдайға жәрдемдесу, қолдау жұмыстары жүргізіле бастады. Соған сәйкес арнайы пункттер ашылды. Соңғы уақытта азық-түлік, гигиеналық заттар, көрпе-жастыққа дейін жиналды. Бас-аяғы 6 Fuhrer авто көлігі жөнелтілді. 1 жүк көлігі қалалықтардың өз еркімен тапсырған заттарын жинады. Оған көмек білдірем деушілер саны өте көп. Бұл халқымыздың қиын сәтте жұмыла жүк көтеретін қасиетке ие екендігін аңғартады.

Әрқашан береке-бірлігіміз бекем болсын. Елімізде қандай жағдай болса да, ауызбіршілігіміз бен тыныштығымыз ажырамасын!



Рауан БАЙҒАБЫЛ,
«Жастар рухы» Жастар қанатының белсендісі:

ЖЫЛЫ ЖҮРЕКТІ ЖАНДАР КӨП

Қостанайдағы өрттің салдарын естіп-біліп, белсенділік таныта бастадық. Қазақ жерінде болған апат айтып келген жоқ. Яғни күтпеген жерден орын алды. Осыған орай алматылықтар да көмекке ұмтылды. Әрбір бізбен ниеттес жан өзінің қолынан келгенше барын беріп, қолдау көрсетуде. Осы бір оқиға адамзаттың адамшылығын аңғартты. Біздің штабты ашқан уақыттан бастап, көмектесу ниетімен келген кісі қарасы көп.

Біздің есебімізше 50-ге жуық ерікті келді. Олар атқарылып жатқан істерге қол көмегін берді. Одан бөлек, әртүрлі тағамдар, апатты жағдайда аса қажет болатын заттарды өткізді. Коворкинг-орталығымызға келушілер санында шек болмады. Өзім де таңданып қалдым. Мұндай жылуды атсалысушыларды көріп, ризашылығымыз арта түсті.

Енді келеңсіз оқиғаға ұшырамайық. Амандық пен саулықта жолығуға жазсын!



Гүлжан БЕКЕНОВА,
Алматы қалалық мәслихатының депутаты:

КӨМЕК ДІТТЕГЕН ЖЕРІНЕ ЖЕТЕРІНЕ СЕНЕМІЗ

Апатты оқиға ешқайсымызды айналып өтпеді. Ести сала қабырғамыз қайысты. Тілсіз жаудың залалын естіген сәтте, бірден қолұшын беру керек деген шешімге келдік. Қазақстан Республикасының халқы Қостанай өңіріндегі өрттің салдарын жоюға өз көмегін тигізуде. Өздеріңіз көріп-біліп отырғандай, қаламыз да бей-жай қалып отырған жоқ. Бүкіл ел-жұрт болып қолдарынан келгенше, 6 жүк көлігіне ең қажетті заттарды тиіп жөнелтті. Жолға сапар шеккен көліктердің ішінде құрылыс материалдарына дейін артылған. Ол жердегі қаншама адам үйсіз-күйсіз, орын-жайсыз қалды ғой. Сол себепті, үйге қажетті дүниелерді де қоса жібердік.

Сонымен қатар, қалалық мәслихат депутаттары да аянып қалмады. 30 тонналық жүк көлігіне тиелетін жүкке әрбір мәслихат депутаты үлес қосып, өз қалтарынан көмек жеткізді. Онымен қоса, кәсіпкерлердің де тигізген көмегі ұшан-теңіз болып отыр. Әрине, қарапайым жандардың да көрсетіп жатқан көмегін байқаудамыз.

Біздің ойымызша, жіберілген көмек сол жақтағы ағайынның жетпей жатқан тұсын жамайды деген ниеттеміз.



Қостанай өңіріндегі өрттен келген зардапқа бей-жай қарамаған «Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттері мен сайтының қызметкерлері құрамына кіретін «Alatau Aqparat» медиа холдингінің ұжымы бір күндік жалақысын игі көмек ретінде зардап шеккендерді қолдау қорына аударды.

P.S.



ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

МИБ: ортақ мүлікке жауапкершілік

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Тұрғын үй саласындағы жаңа заңнамаға сәйкес, елімізде ПИК-тердің орнына мүлік иелері бірлестіктері (МИБ) немесе жай серіктестіктер (ЖС) құрылып жатқаны белгілі.

Жаңартылған Тұрғын үй қатынастары туралы заңның қолданысқа енгеніне біраз уақыт болса да, жаңа форматқа көшу жұмыстары Алматыда баяу жүріп жатқанға ұқсайды.

«Асықпаған арбамен қоян алады» дегені ме, әлде МИБ және ЖС көшу мерзімі 2023 жылғы 1 шілдеге дейін ұзартылуына байланысты ма, әйтеуір көппәтерлі тұрғын үй иелері бұл бағытта белсенділік танытуға әлі де асығар емес. Әйтпесе, биыл 1 шілдеде Қазақстанда ПИК қызметі тоқтап, олардың орнына мүлік иелерінің бірлестіктері (МИБ) немесе жай серіктестіктер (ЖС) құрылуы керек болатын.

Сала мамандарының айтуынша, 2020 жылғы қаңтардан бастап реформаны іске асыру барысында оның тиімді жүзеге асуына әсер ететін бірқатар проблемалық мәселелер болған.

Алматы – ірі тұрғын үй қоры бар алып мегаполис. Шаһарда 800-ден астам ПИК қызмет көрсететін 8,6 мыңға жуық КІПТУ бар. Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының тұрғын үй инспекциясы және тұрғын үйді жаңғырту бөлімі басшысының міндетін атқарушы Дастан Маусымбаевтың мәліметінше, бүгінде, яғни 2022 жылдың маусым айындағы жағдай бойынша Алматыда 5169 көппәтерлі тұрғын үйді қамтитын 4804 басқарудың жаңа форматына көшкен. Нақтырақ айтқанда, оның 1112-сі МИБ, 3 692-сі ЖС құрған. Жалпы, пайызға шаққандағы үлесі 72,5%.

– Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселелері жөніндегі заңнамаға енгізілген түзетулерді іске асыру мақсатында Жол картасы, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелері жиналыстарының кестесі бекітілген. Бұл бағытта қолданыстағы заңнама нормаларын түсіндіру бойынша мобильдік топтар құрылып, жүйелі жұмыс жүргізілуде. Бүгінге дейін БАҚ-пен белсенді әрі жүйелі түрде жұмыстар ұйымдастыра отырып, жаңа құрылым жөнінде 3500 КІПТУ-де халық арасында 1300-ден астам жиын өткіздік. Тұрғындарға кеңес беру үшін жауапты қызметкерлер бекітіліп, барлық байланыс деректері Басқарманың және аудандық әкімдіктердің ресми парақшаларында орналастырылды. Басқар-

ма мамандары басқарудың жаңа нысанын құру алгоритмі кезең-кезеңімен ұсынылатын жаңа жүйеге көшуге арналған бейнеролик әзірледі. Сондай-ақ, кондоминиум объектісін басқаруға және оның ортақ мүлкін күтіп-ұстауға байланысты мәселелерді талқылау үшін тұрғындармен жазбаша, ZOOM платформасы арқылы 200-ден астам онлайн-форматта сауалнама жүргіздік. Алматыда бұл жұмыс өз нәтижесін бермейінше, барлық ауданда түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін тұрғындармен кездесулер ұйымдастырыла береді, – дейді басқарма өкілі.

Әйтсе де, қай салада болмасын жаңа жүйеге көшу оңайға соқпайды. Міндетті түрде бір кереғар пікірлер мен кедергілер болады. МИБ немес ЖС құруда да солай. Оған әлеуметтік желілердегі көпшіліктің жазбалары дәлел. Тұрғындардың сөзінен түсінетініміз, ПИК-тердің басшылары мүлік иелері бірлестігінің қызметіне тиісті құжаттарды бермей, кедергі келтіріп жататын көрінеді.

Алматы қаласы әкімдігінің хабарлауынша, пәтер иелері кооперативінен (ПИК) мүлік иелері бірлестігіне (МИБ) өту қағидасы бойынша жұмыс істеп тұрған басқару органы хабарлама алған соң, үш жұмыс күні ішінде үй бойынша барлық материалдарды беруге міндетті. Егер оларды өз еркімен беруден бас тартса, тұрғындар сот органдарына шағым түсіре алады. Себебі, «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңға сәйкес, тұрғын үй құқықтық қатынастарынан туындайтын дауларды сот шешеді.

Рас, бұған дейін ПИК-тер бірнеше үйге қызмет көрсетіп, «өзі би, өзі қожа» болып, тұрғындардан жиналған қаражатты қалай болса солай, өз білгендерімен жұмсап келгенді. Ақшаларының қайда жұмсалып жатқанынан бейхабар халықтың дәл осы шағымдарын ескерген мамандар елімізде «бір үй – бір есепшот» қағидасымен басқарудың жаңа нысанын құру туралы шешім шығарған болатын. Бүгінде қарапайым халық бұл құрылымның игілігін көре бастағандай. Яғни бірінші есепшотқа қызмет көрсетуші ұйымға, екіншісінде үйді жөндеу мақсатындағы қаражат жинақталғанын өздері бақылап отыр. Ең тиімдісі, МИБ-ке немесе ЖС-не өткен пәтер иелері ортақ мүлікке жауапкершілікпен қарай бастады. Ал бұл өз кезегінде Алматының көркеюіне, гүлденуіне мейлінше әсер ететіні сөзсіз.

КӨРМЕ



«Әлем репортер көзімен»

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Новое поколение» газетінің фототілшісі Талғат Галимов жеке көрмесін ұсынды.

Ертеректе фотосуретші Талғат Галимовтың Американың Атланта қаласында өткен көрмеге қатысқаны бар. 1996 жылғы Жазғы Олимпиада ойындарында Қазақстан өз павильонын таныстырған болатын, ал американдықтар, сондай-ақ, дүниежүзілік спорттық шараның қонақтары Қазақстанның көрікті жерлерімен сол уақытта Талғат Галимов түсірген фотосуреттер арқылы таныса алды.

Т.Галимов, сондай-ақ, әртүрлі көрме алаңдарында басқа да бірқатар авторлық экспозицияларды өткізді. Бұл жолғы өзімізде өткен фотокөрмеде фотографтың тілші ретіндегі жұмысының көрнекті фотосуреттері таныстырылды. Ол – «Әлем репортер көзімен» деп аталады.

«Мен – фототілшімін. Бәрін түсіре аламын, бірақ көбіне репортаж түсіруге құмармын. Репортаждық фотосурет дегеніміз не? Оқиганың немесе кездесудің қалай өрбуін болжай білу керек, яғни ерекше жағдайды фотосуретші қалт жібермеу керек», – дейді Талғат Галимов.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

Шаһар басшысы тұрғындармен кездеседі

2022 жылдың 8 қыркүйегінде, сағат 9.00-де Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Жетісу ауданының тұрғындарымен кездесуі Серіков көшесі, 2 А мекенжайда орналасқан аудандық әкімдік ғимаратында өтеді.

Кездесуді онлайн-режимде «Алматы» телеарнасының YouTube парақшасынан және Жетісу әкімдігінің Facebook парақшасынан көруге болады.

Коронавирус инфекциясы таралуының алдын алу мақсатында кездесу барысында бетперде режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау ұсынылады. Сондай-ақ, бөлмелерде қолды өңдеуге арналған санитайзерлер орнатылады.

ЖЕТІСУ АУДАНЫ

Халық денсаулығы – басты назарда

Рая
ЕСКЕНДІР

Аудан тұрғындары үшін ең басты қажеттілік денсаулық сақтау мекемелері екендігі белгілі. Соңғы уақытта аудан көлеміндегі емханалар мен ауруханалар санының тым аз екендігі ашық байқалып қалады.

Сондықтан болар, қала басшысымен, аудан әкімімен кездескен сайын тұрғындар дертіне дауа табатын ауруханалардың тапшылығы туралы жиі мәселе көтеріп жатады. Осыған орай, аудан тұрғындарының талап-тілегі ескеріліп, бірнеше жаңа жоба жергілікті

бюджетке енгізілген еді. Солардың бірі – «Кемел» ықшамауданы тұрғындарының тым алыстан «Көкжиекке» қатынап жүргені жайлы айтқан жанайқайларын ескермеу мүмкін емес болатын. Бүгінде күн сайын 200 адамға дейін қызмет көрсетуге мүмкіндігі бар отбасылық-дәрігерлік амбулатория салудың жобалық-сметалық құжаттамасы толық әзірленіп, құрылыс жұмыстары қолға алынды.

Ұзақ жылдан бері күрделі жөндеу көрмеген №11 емхана ғимаратына да жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ғимараттың сейсмикалық төзімділігі қайтадан нығайтылып, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ауданның байырғы «Жұмысшылар поселкасы» елдімекенінде 240 орынды емхана мен 50 орынды Әйелдерге кеңес беретін арнаулы бөлім ашылып, тұрғындарға қызмет көрсететін болады.

БРИФИНГ

Жақсылықтың үлкен-кішісі болмайды

«Қазақстан халқына» қоры Қамқоршылық кеңесінің мүшесі, «Я – алматинец» қоғамдық бірлестігінің тең жетекшісі Саида Таукелева Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында ұйымдастырылған кезекті онлайн-брифингте елімізде атқарылып жатқан қайырымдылық іс-шаралары, оның ішінде Қостанай жеріндегі қайырымдылық миссиясы туралы да айтып берді.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

5 қыркүйекте Халықаралық қайырымдылық күні аталып өтті. Бұл күнді БҰҰ Бас ассамблеясы бекіткен.

«Кеше гуманитарлық көмек жинауды бастадық. Елордадан 40 тонна гуманитарлық жүк тиеліп, Қостанайға жөнелтілді. Біз қазір тиелген жүктерді түсіру және оны тарату үшін барамыз.

Ол үшін бізге бірнеше волонтерлік ұйым қолдау көрсетеді», – деді Саида Таукелева.

Спикердің сөзінше, бүгін «Қазақстан халқына» қорының Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің отырысы өтіп, онда Қостанай облысындағы өрттен зардап шеккен жандарға көмек көрсету және өтемақы мөлшері туралы мәселелер талқыланады.

Саида Таукелева «Я – алматинец» қозғалысының еріктілері тек бүгін ғана емес, төтенше жағдайлар орын алған өңірлерге 2015 жылдан бері шығып жүргендерін айтты.

«Бұған дейін Арыста болып, үйінділердің астында қалған үйлерді тазарттық. Қостанайдағы отандастарымыз үшін гуманитарлық көмек жинауды алдыңғы күні Алматыда бастадық. «Магнум» компаниясымен бірге Нұр-Сұлтанның қоймаларынан провизиямен жүк көлігін жинап, Қостанай облысына жіберу туралы шешім қабылданды», – деді еріктілер көшбасшысы.

Жалпы, «Я – алматинец» еріктілер қозғалысы бірнеше ұйымнан тұрады. Оның құрамына жоғалған адамдарды іздейтін «Leader.kz» ұйымы, психологиялық көмек көрсететін еріктілер және тағы басқалар кіреді. Көптің көмегі, яғни «асарлату» қажет болған жағдайда мегаполис тұрғындары бірден біріге кететінін атап өтті спикер.



ЖОЛДАУ – 2022

Тілектес ЕСПОЛОВ,
ҚР ҰҒА академигі:

Бос жатқан жерлер халыққа қызмет етуі тиіс!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауы алдымызға биік мақсаттар қойып отыр. Құжаттың негізгі бөлігі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған. Бұдан басқа да халықтың көкейінде жүрген көптеген мәселелер қамтылған. Ауқымы кең, мазмұны да бөлек.

Мені ең алдымен, ЖОО ұстазы, академик ретінде ғылым мен білім саласындағы реформалық бастамалар ерекше қуантты. Жоғары білім беру саласы – ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады. Біздің күшіміз – жастардың білімінде.

Жоғары білім беру сапасының артуына орай, білім алу ақысы да өсетіні белгілі. Президент мемлекеттің ҰБТ нәтижелері мен өзге де көрсеткіштерге байланысты 30-дан 100%-ға дейін сараланатын білім гранттарын бөлу жоспарланғанын айтты. Оқуға жылдық 2-3% пайызбен жеңілдетілген несие де берілетіні де ақжолтай жаңалық. Мемлекет басшысы тұжырымдағандай, бұл шаралар жоғары білімді мейлінше қолжетімді етеді, сондай-ақ қоғамдағы серіктестік пен өзара жауапкершілік идеологиясын нығайтады.

Жолдауда айтылған ұсыныстар еліміздегі әрбір студент үшін де үлкен қолдау болмақ. Студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету үшін ЖОО-лар мен құрылыс компанияларының мемлекеттік-жекеменшік серіктестік орнату тәсілі енгізілмек. Сол сияқты, әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған санаттағы студенттер үшін пәтер жалдауға кететін шығынды субсидиялау бұрын-соңды болмаған қадам.

Екінші бір маңызды мәселе – Қасым-Жомарт Кемелұлы экономикамыздың әлі де шикізатқа тәуелді екенін, еңбек

өнімділігінің төмендігін, инновацияның жеткіліксіздігін айта келіп, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін және оның қосымша құнын арттыру қажеттігін де атап өтті.

Айта кету керек, ауылдық жерлерде 1,6 млн адам өзін-өзі жұмыспен қамтығандар болып саналады. Сондықтан жеке қосалқы шаруашылықтарды дамытуда жайылымдық және шабындық жерлердің тапшылығы, азықтың экономикалық қолжетімсіздігі, өсірілген өнімді әділ бағамен сату, материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету, сервистік қызметтер көрсету және басқа да маңызды мәселелер шешілмеген күйінде қалып отыр.

Қазақстан астық пен ұнды ірі өндірушілердің қатарына кіреді, орта есеппен соңғы жылдары топырақ-климаттық жағдайларға байланысты 7 млн тоннаға дейін бидай, 1 млн тоннадан астам майлы дақылдар және т.б. экспорттайды. Алайда, Мемлекет басшысы атап өткендей, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты шикізаттық бағытқа ғана ие. Сондықтан жоғары қосымша құны бар дайын өнімдерді шығаруды ұлғайту қажет.

«Бұл – стратегиялық міндет. Қазір тек бидай мен мал сатып отыратын заман емес. Үкімет агроөнеркәсіп саласын субсидиялаудың ұзақ мерзімге арналған жаңа тәсілдерін әзірлеуі тиіс. Бюджет қаражатының қайтарымы болуы керек. Субсидия бөлуге және оның жұмсалуына жүргізілетін бақылауды күшейту керек», – деді Президент.



Ғалым-агроном маман ретінде және бұл саланы өте жақсы білетіндіктен, әр өнімнің ерекшелігін ескере отырып, Жолдауда айтылғандай, ауыл шаруашылығына қаржы бөруді арттыру, тиімді қолдану мен инновациялық озық технологияларды жеделдетіп енгізу туралы тапсырманы өте онды шешім деп санаймын, әрі қолдаймын.

Өздеріңіз жақсы білесіздер, Ата Заңымызда жер мен табиғи ресурстар халықтың меншігі деген басты қағидат бекітілген. Бұл – жай сөз емес. Бұл – барлық тіршіліктің арқауы. Өкінішке орай, республикамыздың ұлан-ғайыр жер ресурстары дұрыс пайдаланылмай отырғаны шындық. Қазір ауыл шаруашылығына арналған жер туралы толыққанды ақпарат жоқ. Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген жер көлемі 10 миллион гектарға жуықтайды екен. Мемлекет басшысы Үкімет пен әкімдіктерге келесі жылдың соңына дейін осы жерлерге қатысты нақты шешім қабылдау туралы тапсырма берді. Өте дұрыс. Бос жатқан жерлер халыққа қызмет етуі тиіс!

Жерге түгендеу жүргізудің құқықтық және әдістемелік негізін жетілдіру, жер кадастрын цифрландыру және Жерді пайдаланудың ғарыштық мониторингіне көшу процесін жеделдету қажет.

Ел экономикасын тұрақты дамытуға су тапшылығы қатты кедергі болып отырғаны да белгілі. Суды тиімсіз пайдалану жағдайы орын алып отыр. Бұл ретте Қазақстан үшін трансшекаралық өзендердің суларын пайдалану, оларды шектес мемлекеттермен халықаралық құқық және өзара ынтымақтастық қағидаттарында бөлу мәселесі тұр. Осы салада білікті мамандар шешетін басқа да мәселелер көп. Атап айтқанда, инфрақұрылым әбден тозған. Сондай-ақ, автоматтандыру және цифрландыру деңгейі төмен. Ғылыми негіздемелер өндіріске дейін жетпейді, білікті су мамандары тапшы. «Бұл мәселелерді шешу үшін Үкімет жанындағы Су кеңесінің жұмысын жандандыру қажет, білімді сарапшыларды жұмысқа тарту керек. Қажетті мамандарды даярлау үшін бұл саладағы іргелі әрі мықты жоғары оқу орнын анықтаған жөн. Су саласын дамытудың үш жылдық жобасын әзірлеу керек» деген Президенттің тапсырмасы осы мәселені нақты шешуге бағытталған.

БРИФИНГ

Сарапшылар бас қосты



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматылық белгілі азаматтар Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауын талқылады.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

«Халықаралық әлеуметтану және саясат институты» қоғамдық қоры директорының орынбасары, Алматы қалалық Қоғамдық кеңесінің мүшесі Марат Шибұтов өз сөзінде жүргізіліп жатқан реформалар қазақстандықтардың өміріне оң әсер ететінін атап өтті, сараптама жасады.

Президент Жолдауында кезектен тыс президенттік сайлауды биыл күзде өткізуді ұсынды. Марат Шибұтов осы мәселеге байланысты пікір білдірді.

«Сайлау әртүрлі мерзімде өтеді. Әртүрлі кезекті және кезектен тыс сайлау арасында уақыт аралығы бар. Екіншіден, Президенттің өз мандатын, яғни азаматтардың сенімін растауға деген ұмтылысы, үшіншіден, Мемлекет басшысы президенттіктің бір мерзімін өткізуді ойластыруда. Бұл Президент лауазымының мағынасын түбегейлі өзгертеді және бұл бізді супер-президенттік республикадан қарапайым президенттік парламенттік республикаға, мүмкін парламенттік республикаға айналдырудың үлкен процесінің бөлігі», – деді М.Шибұтов.

Брифингте сарапшы ретінде сөз алған Қазақстанның ұйғыр жастары одағының төрағасы, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Рустам Кайрыев та пікірін ортаға салып, алдағы

жылы бізді саяси-экономикалық, әлеуметтік салаларда қуатты қайта жаңғырулар күтіп тұрғанын атап өтті.

«Мемлекет басшысының бұл шешуші қадамдарына біз бүкіл ел болып қолдау көрсетуіміз керек. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, «Әділетті Қазақстан құру енді ғана басталып жатыр». Ол осы жылдың күзінде Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізуді және Президенттің өкілеттігін қайта сайлану құқығынсыз 7 жыл, бір мерзіммен шектеуді ұсынды. Өз басым бұл ұсынысты, сондай-ақ оның ашық бәсекелестік пен барлығына тең мүмкіндіктерге ұмтылуын, Қазақстанда жұмыс істейтін Парламент пен мәслихаттарды қалыптастырудың жаңа тетіктерін қолдаймын», – дейді Р.Кайрыев.

ҚХА өкілі Ұлттық қордың жылдық инвестициялық кірісінің 50 пайызын балалардың 18 жасқа толғанға дейін арнайы жинақ шоттарында ұстау туралы ұсынысты да ерекше атап өтті.

«Әке ретінде мен, ең алдымен, әр баланың болашағына алаңдаймын. «Балаларға арналған ұлттық қор» бағдарламасы – болашақ ұрпақ үшін нағыз

қамқорлық! Бұл – Ұлттық қордың халыққа жасап жатқан шынайы қызметі. Кәмелеттік жасқа жеткенде балалар мен олардың ата-аналары көптеген мәселелермен бетпе-бет келеді: оқу, жаснама жайы. Сол сәтте бұл жинақтар нақты қолдау көрсетеді деп білемін», – деді спикер.

Сондай-ақ, ол жас буын алматылықтар атынан шыққан ҚХА өкілі ретінде Президенттің нашақорлықпен күресудің кешенді жоспарын әзірлеуді тапсырғанына тоқталып, күрестің жалпыұлттық сипат алуы керектігін атап өтті.

«Әсіресе, синтетикалық есірткі мәселесі өткір тұр. Онымен күрес шың мәнінде ұлттық сипатта болуы керек. Өйткені, әдетте, жастар дилерлердің ықпалына түседі. Біз, волонтерлер, жоғары сынып оқушылары арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргіземіз, синтетикалық есірткінің зияны туралы айтамыз. Мұның бәрі нәтижесін беретініне сенемін», – деді Р.Кайрыев.

Спикерлердің сөзін түйіндесек, олар Жолдауда жеке-жеке, анық әрі дәл көрсетілген мақсат-міндеттер қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсартатынына бек сенімді.

ЖОЛДАУ – 2022

Айдар ӘМІРЕБАЕВ,
Саяси зерттеу орталығының
директоры:

Негізгі ұстаным – саяси модернизация

Жолдау біз үшін өте мән-мағынасы ауқымды шара болып тұр. Біздің саясаттану саласында жүрген ғалымдардың ой-пікірі ерекше орын алады деп санаймыз. Негізгі ұстаным – саяси модернизация. Бұл дегеніміз, жаңа белеске көтерілу дегенді білдіреді. Сонымен қоса, «саяси транзитке» байланысты сұрақтар да өзектілігін танытуда. Мұны қоғам тарапынан көтеріп жатқандар бар. Жалпы, Қазақстанның болашағының қамы бәрінен биік тұруы керек. Сонда ғана өркендеу жолына қадам басамыз.

Ең бастысы, мемлекетіміздің дамуы мен әл-ауқатының артуы бәрінен маңызды. Оның сыртында саяси һәм экономикалық сауаттылыққа да ден қойған абзал. Біздің институтта сарапшылар, саяси көзқарасы ашық азаматтар, ғалымдар бас қосып, елімізде өтіп жатқан саяси әрі әлеуметтік жүйелерді талқылап отырады. Өзіміз де үн қосып, жаңа бағыттар айқындауға мүдделіміз. Жоғарыдан көтерілген бастамаларға тек қана қолдау білдіріп қана қоймай, өз ойымызды ортаға салған жөн деп білеміз. Президенттік сайлау нақты нәрсе. Дегенмен, кейбір жағдайда қарама-қайшылық тұстары да ұшырасады. Оны жан-жақты, тиянақты, егжей-тегжей зерттегеніміз жөн. Себебі, ел мен жер баршамызға ортақ құндылық.



Әділ ЖҮНИСОВ,
саяси ғылымдар докторы:

Мемлекет мүддесі бәрінен биік

Біз Мемлекет басшысының Жолдауда көтерген бастамаларын қолдаймыз. Сонымен қатар, тағы бір тараптан мұның түбегейлі орындалып, жұрт игілігін көру жағын да қарастыратын абзал. Міне, осы мәселеде сан сауалдар туындайды. Яғни мұндай нұсқадағы сауалдар көп. Дегенмен, бізге бірлесіп, бір ойда болып жұмыс жасау маңыздырақ саналады. Ол үшін әрбіріміз рухани жігерімізді жануымыз қажет.

Президент бірқатар тың бастамалар ұсынып, оларды жүзеге асырудың нақты қағидаттарын негіздеп берді.

«Біз ашық бәсекелестік орныққан және бәріне тең мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Ауқымды саяси өзгерістерді ашықтық, әділдік және өзара сенім арқылы жүзеге асыру аса маңызды. Жаңа сайлау науқанының мерзімдерін және оның ретін елге ашық жариялау шешім қабылдау кезіндегі ашықтық қағидатына сай келеді. Осы қадамның бәрі біздің «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» атты басты формуламызды біртіндеп нақты мән-мазмұнмен байыта түседі. Біздің бүгінгі бастамаларымыз Қазақстанның болашағын айқындайды. Біз күн сайын ескі мен жаңаның, тоқырау мен дамудың арасынан таңдау жасаймыз. Баршамызды ұлт мүддесі үшін ұйысуға шақырамын», – деді Мемлекет басшысы.

Президент бастамалары дер кезінде қабылданған маңызды шешімдер деп ойлаймын. Мемлекет мүддесі бәрінен биік.



ТҰЛҒАТАНУ

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ

Алаш арысы, қоғам және мемлекет қайраткері



Суреттері түсірілген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ РЕФОРМАТОРЫ»

Саналы ғұмырын ұлтына арнаған бірегей тұлға, Алаш қозғалысының қайраткері, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қазақ тіл білімінің негізін салған Ахмет Байтұрсынұлының ұмытпау һәм ұлықтау – кейінгі ұрпаққа парыз. Кеше аяулы арысымыздың туғанына 150 жыл толды.

**Нұржамал
ӘЛШЕВА**

Даталы күнде елге белгілі тарихшы, алаштанушы ғалымдар, ақын-жазушылар мен қоғам қайраткерлері ағартушының мұражай-үйі алдындағы бюстіне тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды. Салтанатты жиында ұлттық жазудың реформаторы атанған қайраткердің ұлы еңбегі туралы тарихшы-ғалымдар үлкен құрметпен атап өтті.

Өз заманында Мұхтар Әуезов Ахмет Байтұрсынұлы туралы: «Бір басында сан салалы өнер тоғысқан, телегей-теңіз энциклопедиялық білім иесі, қайшылығы мол тартысты ғұмырында қараңғы қалың елін жарқын болашаққа сүйреуден басқа бақыт бар деп білмеген ірі тұлға, халықтың рухани көсемі», – деп жоғары бағаласа, Смағұл Сәдуақасов: «Аханды біз замандасымыз ғой деп өз қатарымызға қойып, өзімізбен теңестіріп қарауымызға болмайды. Бұл кісі қазақ халқының алфавитін жасап берген, бұрын әркім қалай болса солай жазып жүрген емлемізді түзеп, оқу құралдарын жазған, бәріміздің де сауатымызды ашып, бүкіл халқымызға ұстаз болған адам», – деп мойындаған.

Ахмет Байтұрсынұлының мұражай-үйіндегі салтанаттан соң рухани іс-шара Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен, Алматы қаласы музейлер бірлестігінің ұйымдастыруымен «Ұлт руханиятының реформаторы» тақырыбымен «Дөңгелек үстел» басында жалғасты. Алқалы жиынды ҚР Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет жүргізіп отырды. «Дөңгелек үстел» басында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, ҚР ҰҒА академигі, «Қазақстан тарихшылар қауымдастығының» президенті Мәмбет Қойгелдиев, ҚР ҰҒА академигі Хангелді Әбжанов, Қазақстан Ғалымдар одағының президенті, академик Оразалы Сәбден, ҚР ҰҒА академигі, Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінің аға ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы, профессор Ғарифолла Әнес, ақын, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешенінің жетекшісі Әділғазы Қайырбеков, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалым-хатшысы Дидар Садық және тағы басқа ғалым-тарихшылар сөз алды. Олар Алаш қайрат-

керінің бай мұрасын тілге тиек етіп, оның саясат пен мәдениеттегі, әдебиет пен тіл жолындағы еңбектерін айтты.

Тақырыпқа орай айта кетсек, толықтай мемлекет меншігіне өткен ұлт ұстазының музей-үйіне қазіргі күні жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алдағы айларда толығымен аяқталады. Ахмет Байтұрсынұлының еңселі ескерткіші де бой көтереді. Яғни нағыз той алда.

**Олжас
ЖОЛДЫБАЙ**

ҒАЛАМДЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ҒАЛЫМ

Әр халықтың рухани шамшырағы болады. Ондай жандар ұлттың кем-кетігін түгендеп, мұнын жырлайды.

Көшпенділер тарихы тым әріде жатыр. Тұран далада түркілер атой салды. Еуразия кеңістігі, Араб түбегі, Таяу Шығыс – бәріне дерлік өмірі жүріп тұрған кезеңдер болған. Өткен XX ғасыр қазақ үшін сын сағаттар дәуірі еді. Дүниеде не бар болу, не жоқ болу алдында тұрды. Сондай шақтарда Алаш азаматтары «бір жеңнен қол, бір жағадан бас» шығарып, ұлттық құндылықты, мәдениетті, әдебиетті, салт-дәстүр, жөн-жоралғымызды, тіпті мемлекеттілігімізді сақтап қалды. Быыл соның бірі де бірегейі, ұлт абызы, ағартушы ұстаз Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толып отыр. Осыған орай, алаштану ілімін зерттеуші Әділет АХМЕТҰЛЫНЫҢ ой-пікірін білген болатынбыз. Бұл өткен жолы айтқан, газетімізде жарияланған әңгімесінің занды жалғасы болып тұр.

РУХАНИ АБЫЗ

Африканың әйгілі революционері Нельсон Мандела «Егер ұлттық болмыстан, ұлттық мәдениеттен ажырасаңыз, онда шекараны ашып бере салыңыз. Олай болса, сізде қорғайтын ештеңе қалмады» депті. Біздің арыстарымыз да жанын салып ұлтымызды қорғауға күш салды.

Ахмет Байтұрсынұлы сол тұста қолы жеткен еуропалық және ресейлік ғалымдардың еңбектерінің денін оқып бітірген деуге толық негіз бар. Алдымен, өзімен дәуірлес, үзеңгілес болған өзге ұлттардың көшбасшыларын атай кетелік. Ахмет атамыз татардың, башқұрттың және орыстың педагог, ғалымдарымен, лингвистерімен жақын байланыста болды. Соның ішінде Қазан қаласында сол тұста дәурендеп тұрған «Қазан университеті баспасы», «Кәрімовтар» баспасымен де етене байланыста болғаны белгілі. «Юлдыз» (Жұлдыз), «Уақыт» газеттерінде мақалалары жиі жарияланумен қатар, татар, башқұрт, ноғай туыстардың зиялы қаламгерлері Байтұрсынов өпенді деп, Аханды өздері де жиі таныстырып отырған. Ахметтің төте жазуы шынын айтқанда, ғасыр басында тұтас түрік жұрты бойынша алғанда ұлы құбылыс деңгейіндегі жаңалық болды. Уфадағы «Ғалия» медресесіндегі қазақ жастарымен қатар, татар, башқұрттардың озық ойлы азаматтары аталған әліпби туралы пікірлерін білдіргені соны білдірсе керек. Ахаңа дейін де, мейлі миссионерлік бағытта, мейлі ұлттық бағытта болсын, бірнеше әліпби ұсынылғанын, азды-көпті қолданыста болғанын біреу білсе, біреу білмейді. Сондай әліпбилердің бәрін Ахметтің төте жазуы тарих сахнасынан түсірді. Қазақтың ұлттық жазуына айналған төте жазу шыға салысымен «Қазақ» газеті ұлттың үн байрағына айналды. Осы «Қазақ» газетінің ішіндегі әлем жаңалықтары, Еуропа және Азия елдеріндегі ішкі-сыртқы соғыстар, т.б. келелі мәселелерді сараптап жазған танымдық дүниелерге қарап отырып, Ахаң бастаған интеллигенттердің құрығы ұзыны-

рақ болғанын, ғаламның жылт еткен жаңалықтарын орыс басылымдары арқылы қалт жібермей отырғанын көре аламыз. Яғни А.Байтұрсынұлының сол тұста өзге ұлт білгірлері мен шетелдік алғабасар топпен жиі байланыста болғаны осылай-ақ байқалып тұр. Г.Н.Потанинмен қаламдас дос болғаны «Г.Н.Потанинге арнау» атты өлеңінен көрініп тұрса, Затаевичке қазақтың бес жүз халық әнін жинап бергені де біртөбе әңгіме. Башқұрттың атақты этнограф-ғалымы Әбубәкір Диваевпен дос-жарлығының арқасында қазақтың мыңдаған фольклорлық мұрасын сол кездің өзінде жинап, алдын баспадан шығарып үлгірді. «Әбубәкір ақсақал Диваев» деп Мағжан алғы сөзін жазған кітап та бар. Сол Әбекен марқұмның қазак арасынан өз қолымен жинаған 250 ертегісінің қолжазбасы Орталық ғылыми кітапхананың Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында тұр. Затаевичтің тебінгідей үлкен еңбегінің қолжазбасы да аталған қорда тұр. Ұлт ұстазы орыстың да бірталай білімпаздарымен мұраттас, рухтас болған.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ҚҰПИЯСЫ

XX ғасыр тағдырлы оқиғаға толы өтті. Нағыз арпалыс, нақ жанталас кезеңі еді. Ел басына күн туғанда, ерлеріміз етігімен суды да, қанды да кешті. Қайтпас қайсарлығының арқасында тұтастықты сақтады. Осылайша мына жалған дүниеде өз жанын қиып, қазақ деген мейірбан халықты сақтап қалуға бар күш-жігерін салды.

Бізді таң қалдырғаны – ғалымның өзінен бұрын, тіпті мың жыл бұрын жалғаннан өткен гректің, немістің, өзге де жаңалық ашқан ғалымдардың, философтардың еңбегімен етене таныстығы және оны өзінің жазбаларында пайдаланып, сілтеме жасап отырғаны. Тіпті, А.Байтұрсынұлы бүгінгі жұртқа беймәлім кейбір тұлғалардың да еңбектерінің шаңын қағып алғаны байқалады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін, ғалымның екі мақаласына тоқтала кетелік. Ахмет «Қай әдіс жақсы» атты мақаласында, қазақтың емлесін әлемдегі қай ұлттың емле әдісі арқылы жазсақ дұрыс деген толғақты түйінді ортаға қояды. Шағын ғана мақалада автор сол кезде ұлттық жазуы әлдеқашан қалыптасқан орыс, қытай, француз, итальян, ағылшын, т.б. жазуларын бес саусағындай білетінін байқатады.

А.Байтұрсынұлы «Балапан басына, тұрымтай тұсына тартқан» аса күрделі ғасырда өмір сүре жүріп, әлемнің ғылымдағы сан салалы жетістіктерін көре білгені, тіпті, қазаққа төте жазуды мұрағаттап кету үшін өзге ұлттардың жазуын және емлесін ыждағатпен зерттегені таңқалдырмай қоймайды. Бұл да болса Ахаңның әлемнің классик әдебиеті мен тілші ғалымдарының еңбегін бір кісідей-ақ сіңіріп үлгерген данышпан екенін көрсетсе керек.

Екінші бір көлемді мақаласында ғалым шетелдік жиырма ғалымның еңбегінен дәлелдер келтіре отырып, ойын сабақтайды. Айталық, Гипократ, Геродот, Фукидид, Бекон, Монтескье, Гердер, Риттер, Ратсел, Мешников, Мальтус Томас Роберт, Дмитрий Иванович Менделеев, т.б. білімпаздардың еңбектерін сөйлете отырып, қаузаған тақырыбын арши түседі. Міне, осыларға қарап отырып, ғалым қалт еткен уақытында адамзаттың



ҰЛЫҚ БЕЙНЕСІ

Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл!



Елордада ұлтымыздың ұлы тұлғалары, Алаш қайраткерлері – Әлихан Бөкейханға, Ахмет Байтұрсынұлына және Міржақып Дулатұлына ашылған ескерткіш.

алға басуына жол ашқан небір да-
нышпандармен рухани тұрғыда
дос болғанын байқауға болады.

«Балапан ұяда нені көрсе, ұш-
қанда соны алады» дейді қазақ.
Қазақ тарихы тәуелсіз елдің тұр-
ғысынан қайта жазылуы керек.
Қазақтың тарихи тұлғалары жоға-
ры деңгейде насихатталуы керек.
Бұл тұрғыда шын сөз бен жел
сөздің арасы жер мен көктей. Бізде
қазір жел сөз салтанат құрған за-
ман. А.Байтұрсынұлы бастаған
ұлт көшбасшыларын насихатта-
ғанның жөні осы деп, көбік сөзді
көпірте беруді қою керек. Бүгінгі
таңда Қытайға қарап кеткен қазақ-
тың жерінде туып-өстік. Олардың
бірауыздылығы мен еңбекқорлы-
ғы таңқалдырмай қоймайды. Әсі-
ресе, тарихта тек өздері ғаламат
халық болғанын дәріптейтін ең-
бектер ашып көргені – қытайдың
бес мың жылдық тарихынан тар-
тып, кешегі Екінші дүниежүзілік
соғыстағы қайсар қаһармандар.
Қытай ғана емес, өзге ұлттық мем-
лекеттер де солай. Менің ойымша,
мектеп бағдарламасынан бастап,
телеарна, радио, әлеуметтік желі-
лерге дейін, барлық мүмкіндікті
іске қосып, ұлтымыздың көшін
бастаған тарихи тұлғаларды сана-
ға сіңіру керек. Ахметтің аударған
«Қырық мысалдан», «Маса» жи-
нағындағы өлеңдердің сюжеттері-
нен талайлаған мультфильмдер
жасап, балаға Ахмет ата бейнесін
сіңіруге әбден болады. Ахмет сан
қырлы ғалым. Мемлекет арнайы
ұлтсүйгіштік бағыттағы істерді
қолдауы керек. Ол ғаламдық мәде-
ниеттен бас тартып, тек қана ұлтты-
мызды дәріптей бер дегендік емес.
Біз қаласақ та, қаламасақ та «жа-
һандану» тасқыны өз дегеніне
көндіріп келеді. Дегенмен, қытай,
орыс, жапон, араб, түрік, т.б. елдер
жаһандасқанның жөні осы деп,
сол тасқынға ағып ере жөнелген

жөк. Әлемдік деңгейдегі озық өр-
кениеттен сабақ алып, дәуір көші-
нен қалмай да ұлттың ұлы тұлға-
ларын ұрпаққа таныстыруға
болады. Өзгені зор, өзін қор санай-
тын психикадан арылып, өз-
өзімізді сыйлауымыз керек, жат
жанынан түңілісін!

Бізде Алашорда мұраларын
зерттеу, ұстанымдарын, ұлтты
құтқару, қорғау, дамыту бағдарла-
маларын зерделеу біршама жақсы
қарқын алып келеді. Дегенмен,
бұл тек сала мамандары арасында
ғана қалып жатыр. Ең бастысы,
жас ұрпақтың санасына осыны
ұялатуға жұмыс жасауымыз керек.
Ал А.Байтұрсынұлы бастаған ға-
лымдардың өзге қырларын зерттеу
біздің заманнан кейін де жалғаса
беретін жұмыс. Ахмет, Әлихан,
Міржақып, Шәкәрімдерді Шекс-
пир, Гете, Пушкин, Ломоносов,
Толстой, Сун Ятсен деңгейінде
танымайынша, олардың алдында-
ғы парызымыз мойнымыздан түс-
пейді.

БОЛАШАҚ – ӘМБЕБАП ЖАННЫҢ ҚОЛЫНДА

Ахаң «Білімді болуға оқу ке-
рек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті
болуға бірлік керек. Осы керек-
тердің жолында жұмыс істеу ке-
рек» депті. Түсінген санаға бәрі
жетіп жатыр. Қазақылықты сақ-

тауда ұлт руханияты көсемдерінің
салған дара жолынан артық бағыт
бола қоймас. Руханиятымызға
берік болайық!

Болашақ үш тұғырын толық
ұстаған Қазақстан жастарының
қолында. Ұлттық рухы өр, Жарат-
қанға жаққан, ғылым сырын аш-
қан жұрт қана алға озады. Оған
Жаратушы да, әруақ та разы бола-
ды. Үш тұғырдың бірі кем болса,
бәрі бекер. Мысалы, әлемді мо-
йындатқан бір қазақтың бозбаласы
немесе бойжеткені ана тілін білме-
се, онан үлкен қасірет жөк. Біз
баста дәурен тұрғанда әлемге әмір
жүргізген елдің ұрпағымыз. Та-
рихқа үлкен жұмыс тындырмаған
халықтар бар. Ал біздің ешкімнен
еш жеріміз кем емес. Тіліміз, жа-
зуымыз, бөгенайы бөлек салты-
мыз, өз философиямыз, ұшан-
теңіз рухани қазынамыз,
фольклорлық мұрамыз, т.б. бір
ұлтта болуға тиістінің бәрі бар
халықпыз. Мың жылдан бергі
адамзат өркениетін оздырған түгел
түрікке ортақ бабаларымызды айт-
пағанда, тілімізге тиек болып
отырған ұлт ұстазы Ахмет Байтұр-
сынұлы – қазаққа ғана емес,
Алашқа, яғни күллі түрік жұртына
ортақ, әлемдегі әрбір ғалыммен
иық тірестіріп көрсете алатын ұлы
ғалым. Сондай ұлы ғалымдарды
тудырған тұста бүгінгі тәуелсіз
елдің сағы сынбауы тиіс.

ҰЛЫ АҒАРТУШЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
«ҰЛТТЫҢ САҚТАЛУЫНА ДА, ЖОҒАЛУЫНА ДА
СЕБЕП БОЛАТЫН НӘРСЕНІҢ ЕҢ ҚУАТТЫСЫ – ТІЛ.
СӨЗІ ЖОҒАЛҒАН ЖҰРТТЫҢ ӨЗІ ДЕ ЖОҒАЛАДЫ,
ӨЗ ҰЛТЫНА БАСҚА ЖҰРТТЫ ҚОСАМЫН
ДЕГЕНДЕР ӘУЕЛІ СОЛ ЖҰРТТЫҢ ТІЛІН АЗДЫРУҒА
ТЫРЫСАДЫ» ДЕГЕН ЕКЕН. ҚАЗІРГІДЕЙ АЛ-
МАҒАЙЫП ЗАМАНДА ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫ,
РУХАНИ САРА ЖОЛДЫ, ДӘСТҮР-САЛТТЫ САҚ-
ТАУ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ ЕКЕНІ АЙҚЫН.



ҰЛТ МҮДДЕСІ – МӘҢГІ ҚҰНДЫЛЫҚ

«Алаш» сөзі – халқымыз үшін қашанда қасиетті ұғым.
Өткен ғасырдың басында ұлтымыздың бас көтерер аза-
маттары Алаш идеясының төңірегіне бірікті. Олар елінің
азаттығы мен өркендеуі жолында қызмет етті. Халық-
тың рухын оятып, санасына сілкініс әкелді. Жеріміздің
тұтастығының сақталуына ықпал етті. Төл әдебиетіміз
бен мәдениетімізді бұрын-соңды болмаған деңгейге көтерді.
Өркениетті зиялылықтың негізін қалады. Алаш арыстары
заманның сын-қатеріне қарамай, Қазақ елінің мемле-
кетшілдік идеясын жаңғыртты. Өкінішке қарай, түгелге
жуығы халық жауы атанып, қуғын-сүргін құрбаны болды.
Еңбектері жойылды, ұзақ жылдар бойы олардың атын
атауға тыйым салынды. Бірақ ұлтымыз ұлы перзент-
терінің есімін санасынан өшірмей, жадында сақтай білді.

Алаштану ғылымы арыстарымыздың еңбектерін ба-
рыныша қамтуы керек. Жыл өткен сайын Алаштың абыро-
йы асқақтап, беделі биіктей береді. Олардың атқарған ісі
ешқашан маңызын жоғалтпайды. Себебі, ұлт мүддесі, ел
қамы деген ұғымдар – мәңгі құндылықтар».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті.

АЛАШ АРЫСТАРЫ

«Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов,
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын.
Кешегі қара күнде болмап па еді,
Бірі – Күн, бірі – Шолпан, бірі – Айым.
Солардан басқа кеше кім бар еді,
Қазақ үшін шам қылған жүрек майын».

Сұлтанмахмұт ТОРАЙҒЫРОВ.
(«Таныстыру» поэмасынан, 1918 жыл).

«БАБАМЫЗДЫҢ РУХЫНА ТАҒЗЫМ ЕТІП, ТОЙДЫ ӨТКІЗЕМІЗ»

Президент мерейтойға қатысты
сұраққа жауап берді

Қостанай облысындағы алапат өртке байланысты өңірде
жоспарланған Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына
арналған мерейтойлық шаралар кейінге шегерілгені белгілі.
Кеше Қостанай облысына Жұмыс сапарымен барған
Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әулиеқолдегі
еріктілермен кездесуде Ахмет Байтұрсынұлының кейінге
шегерілген мерейтойына қатысты сұраққа жауап берді.

Президент өңірдегі жағдай оналған соң, Ахмет
Байтұрсынұлының рухына тағзым етіп, қасиетті Торғайға
атбасын тірейтінін жеткізді. «Расында, бұл – үлкен шаруа.
Зардап шеккен азаматтардың бәрі үш айдың ішінде баспаналы
болады деп уәдемі бердім. Оған күмәнім жоқ. Ол – бір.
Екіншіден, Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойына
қатысты. Ең алдымен, осы мәселені шешейік. Содан кейін
амандық болса, осы бір қасиетті жерге келіп, Ахмет
Байтұрсынұлы бабамыздың рухына тағзым етіп, тойды
өткіземіз», деді Мемлекет басшысы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ!

Сапалы білім – ұлт болашағы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кезекті Жолдауында ұлт сапасын жақсарту мәселесіне баса назар аударды. Осы ретте мен де білім саласының қызметкері, әрі ата-ана ретінде өз ойымды ортаға салғанды жөн көріп отырмын.

Жалпы, ата-ананың басты қуанышы – бала. Ал отбасы бұл әр адамның Отаны, шағын мемлекеті іспеттес. Яғни «Отанды сүю – отбасынан басталады» десек, сол отбасының басты қазығы, алтын дінгегі – балаларымыз. Ендеше, баланың саналы, адамгершілігі мол, ақыл-парасаты толысқан тұлға болып қалыптасуы үшін не керек деп ойлайсыз? Әлбетте, ең алдымен, отбасының ықпалы керек. Бұл дегеніміз, қол ұстасып шаңырақ құрған ерлі-зайыптылар өмірге ұрпақ әкеліп қана қоймай, бала бойына рухани адамгершілік құндылықтарды сіңіріп, жан-жақты, ақыл-парасаты толысқан тұлғаны дамытып, тәрбиелеуге міндетті деген сөз. Демек, елдің, ұлттың, болашақтың даму деңгейі отбасынан бастау алады.

Жолдауда Мемлекет басшысының жас ұрпаққа білім беруге айрықша көңіл бөлуі мені ерекше қуантты. «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуы тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады. Жалпы, мектеп салу Үкімет және әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек», – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Адамзат баласының ең негізгі мақсаты – дүниеге әкелген ұрпағының болашағына жауапкершілікпен қарау. Ұрпақ тәрбиесі ата-ана үшін өте жауапты міндет. Сондықтан бұл жұмылған жұдырықта күш болатыныны секілді



қоғам болып атқаратын ортақ іс. Яғни мұндағы атқарылатын жұмыс жан-жақты болғанымен, мақсат біреу. Ол – саналы ұрпақ тәрбиелеу. Асылында, жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да, жаманға да бейім болатыны баршамызға аян. Осы орайда «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деп халқымыз тегін айтпаған.

«Тек ата-аналармен бірге, жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бақыт беруі мүмкін», – дейді В.Сухомилинский. Яғни жанұя мектеппен бірге тәрбиелік ортаның тұтастай негізгі ықпал ету факторларын бірігіп анықтайды және құрады. Дұрыс тәрбие балаға өмір бойы азық. Ал олардың тәрбиесіне тек ата-ананың ғана емес, жүрген ортасының да тигізер әсері көп.

Мемлекет басшысының Жолдауындағы тағы бір ел қуанған жаңалықтың бірі – Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударуды ұсынғаны болды. Яғни қаржы әр балаға 18 жасқа толғанға дейін аударылып тұрады. Түсінгенімізше, жинақталған қаржы балалар кәмілет жасына толғаннан

кейін олардың баспана немесе білім алуына жұмсалатын болады. Президентіміздің маңызды құжаттағы құлаққа жағымды осы бір ұсынысы қалың көпшіліктің көңілінен шыққаны сөзсіз. Ендеше, біз ең бірінші бала тәрбиесіне көңіл бөлейік. Егер әрбір ата-ана тәрбиені өзгеден емес, ең алдымен өзінен бастап, ұрпағына үлгі болса, көп мәселенің түйіні шешіледі. Өйткені, ата-ананың үйдегі іс-әрекеті де, мұғалімнің мектептегі жүріс-тұрысы да балалардың көз алдында өтеді. Мұның барлығы ең алдымен бала тәрбиесіне әсер етеді. Егер біз саналы, сапалы ұрпақ тәрбиелейтін болсақ, балаларымыздың болашағына хәм білімі мен денсаулығына мемлекет тарапынан жоғарыдағыдай қамқорлық күтіп тұр. Бұл дегеніміз, жақсылықтың нышаны емес пе?!

Бала деген – бақыт! Біріміз де балаларымыз үшін өмір сүріп жатырмыз. Ендеше, сол бақытымыз – балаларымыздың тәрбиесіне жіті көңіл бөліп, болашақта Отанын сүйетін тұлғаларды тәрбиелеп шығамыз деген ойдамыз.

Арай ҚАСЫМБАЕВА,
Алматы қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының әдіскері.

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС



Жаңа мектепте білім аламыз

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі мектептер тапшылығын жою үшін 2025 жылға дейін 1 мың мектеп ашу міндетін қойғаны белгілі.

Осы тұрғыда елімізде «1000 мектеп» жобасы қолға алынып, биылғы жылы 225 мектепті пайдалануға беру көзделген еді. Биылғы оқу жылында елімізде 80-ге жуық жаңа мектеп салынса, олардың 8-і Алматы қаласында ашылып отыр. Жаңа оқу жылына тарту ретінде «Қалқаман», «Саялы», «Томирис» ықшамаудандарында 5100 орынды үш жаңа мектеп ашылды. Сонымен қатар, Алатау ауданында №204, №205, Наурызбай ауданында №206, сондай-ақ, №191, №146, №125 мектептерге жапсарласа салынған 875 орынды қосымша ғимараттар мен ZAMAN-SCHOOL заманауи элиталық мектебі пайдалануға берілді. Әрине, жаңадан ашылған мектептерге жаңа кадрлар керек. Әлі де қажетті кадрлар тапшылығы білінеді. Қазіргі таңда бастауыш сынып, математика, физика, химия пәні мұғалімдеріне үлкен қажеттілік туындап тұр. Үш ауысымды мектептер бес күндік оқу форматына көшпейтін болды. Сәтін салса, 2025 жылы үш ауысымды және апатты жағдайдағы мектептер проблемасы толық шешіледі деп күтілуде.

Оқушылар саны артуда



Жаңа оқу жылында еліміздегі 7637 мектепте 3,6 млн бала білім алуға кірісті.

Биылғы жылы 1-сыныпқа қабылдау науқаны кезінде ата-аналардан келіп түскен 400 мың өтініш берушінің 70%-дан астамы қазақ тілінде оқуды таңдаған. Сонымен қатар, жаңа оқу жылында жетістіктермен бірге, Қазақстан бойынша 280 мыңдай балаға мектепте орын жетпейді. Нақты дәлелдерге сүйенсек, 2025 жылға қарай бұл сан 1 млн орынға жетуі мүмкін. Сондықтан «1000 мектеп» жобасының аясында былтыр 270 мектеп салынса, биыл жыл соңына дейін 225 мектепті қолданысқа беру көзделіп отыр.

192 күн – демалыс, 173 күн – сабақ

Биылғы оқу жылының ең басты жаңалығы – 5 күндік оқу аптасы болып отырғандығы. Сонымен қатар, жаңа оқу жылындағы жаңашылдықтың бірі – бала құқықтары жөніндегі жергілікті өкілдердің тағайындауы.

Биылдан бастап ел өңірлерінде бала құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымы енгізілді. Енді әр аймақтағы тағайындалған өкілдерден балалар да, олардың ата-аналары да көмек сұрай алады. Бала құқықтары жөніндегі уәкілдер – баланың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы туралы өтініштерді, жергілікті атқарушы органдардың және өзге де ұйымдардың әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне қатысты шағымдарды қарайтын болады. Алдағы уақытта олар балаларды қорғау саласындағы мәселелерді шешуге арналған заң жобаларын дамытуға, ілгерілетуге қатысады.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ

ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?



Биылғы оқу жылында оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, білім алушылардың дайындық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптар айқындалып отыр.

Осыған орай, негізгі орта білім беру деңгейінде білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі: 5-сыныпта – 30 сағаттан, 6-сыныпта – 30 сағаттан, 7-сыныпта – 33 сағаттан, 8-сыныпта – 34 сағаттан, 9-сыныпта – 35 сағаттан аспайтыны белгіленеді. Сонымен қатар, орта білімнің қолжетімділігіндегі теңсіздікті азайту аясында ауыл оқушыларының білім сапасын арттыру жүктемесі азайып, ол үшін сыныпты ауыл оқушыларының топтарына бөлу енгізіледі.

Топтарға бөлу қарастырылды

Жаңа оқу жылында бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты қалалық жалпы білім беру ұйымдарында сыныптарды 24 және одан да көп адамға, ауылдық жерлерде 20 және одан да көп оқушыға толтырған кезде сыныптарды екі топқа бөлуді көздеп отыр.

Бұл ретте сыныпты екі топқа бөлуге қалалық жалпы білім беретін білім беру ұйымдарында сыныптарды 24 және одан

да көп білім алушылар, ауылдық жерлерде – 20 және одан да көп білім алушылар орыс тілінде оқытпайтын сыныптарда орыс тілі бойынша толтырған кезде жол беріледі. Сондай-ақ, құжатта шектеу іс-шаралары, карантин енгізу, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде сыныпты топтарға бөлу бір сыныпта 15 білім алушыны толтыра отырып, барлық оқу пәндері бойынша жүргізілетіні көрсетіледі. Сонымен қатар, негізгі орта білім беру мен жалпы орта білім беру үшін де осындай жалпыға міндетті стандарттар енгізіледі. Білім министрлігінің мәліметінше, республикада 6942 күндізгі мемлекеттік мектеп жұмыс істейді, оның 5159-ы (74%) ауылдық жерлерде орналасқан.



ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫ

Алматыда халықаралық мамандардың қатысуымен «Хирургия және трансплантологияның өзекті мәселелері» атты Қазақстан хирургтарының III съезі өтті. Оны ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен «А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» АҚ мен «Қазақстандық хирургтар қоғамы» РҚБ ұйымдастырған.

Аталған алқалы жиынға қатысқан Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова хирургтар съезі қазақстандық және шетелдік әріптестер арасында нәтижелі тәжірибе алмасуға ықпал ететініне, хирургиялық қызметтің өткір проблемаларын сындарлы талқылауға және оның таяу жылдардағы даму перспективаларын анықтауға серпін беретініне сенетінін білдірді.

Съезд жұмысынан Денсаулық сақтау министрі А.Гинияттың өзі шет қалмай, онлайн-режимде қосылды. Министрдің айтуынша, қазіргі таңда елімізде хирургиялық көмекті 330-дан астам мемлекеттік және жеке медициналық ұйымдар көрсетеді.

«Соңғы жылдары қазақстандық хирургия айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтсақ, хирургтар әлемдік стандарттар деңгейінде торакалды-абдоминалды аймақ ағзаларына операцияның барлық түрін, оның ішінде ең аз инвазивті хирургияның барлық спектрін, бауыр, ұйқы безі резекциясын табысты жасап келеді. Қазақстанда бүгінгі күні трансплантологияның күрделі бағыты – адамның тірі кезіндегі донорлығы дами бастады. Отандық хирургтар кейінгі 10 жыл ішінде 1600-ден астам

ХИРУРГТАР СЪЕЗІ

қазақстандық және шетелдік әріптестер арасында нәтижелі тәжірибе алмасуға ықпал етеді



тірі донордан ағзаларды ауыстырып салды, бұл көптеген адамның өмірін сақтап қалуға септігін тигізді», – деді А.Гиният.

Ол сондай-ақ, министрлік тарапынан салалық және өңірлік донорлық бағдарламаларды әзірлеу мен енгізу, донорлық ұйымдар желісін ұлғайту, трансплантация үйлестірушілері мен трансплантолог дәрігерлерді даярлау, трансплантология саласында зерттеулер жүргізу, инновациялық технологияларды әзірлеу, оларды өңірлерге тарату, халықтың барлық топтары арасында ағза донорлығын дамыту мәселелері бойынша кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу – Қазақстан халқын тиімді трансплантологиялық көмекпен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

Съезге Жапония, Үндістан, Қытай, Ресей,

Беларусь, Украина, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Грузияның және Қазақстанның ғылыми орталықтарының және жоғары медицина оқу орындарының өкілдері қатысты.

Съезд барысында науқастарға көмек көрсетуді ұйымдастырудан бастап, хирургтардың күнделікті жұмысындағы көптеген өзекті мәселелерді, оның ішінде асқазан-ішек жолдары және эндокринді ағзалар хирургиясы ауруларын, сыни жағдайларды (шок, сепсис) диагностикалау және емдеуде бірыңғай тәсілдерді енгізу, гепатопанкреатобилиарлық аймақты емдеудің инновациялық технологиялары мен заманауи әдістері, сондай-ақ трансплантологиялық күрделі мәселелерге дейінгі сұрақтарды қамтитын кең ауқымды тақырыптар қозғалды.

СӘТТІ ОТА



Кішкентай жүрек соғып тұр

Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында сирек кездесетін ақаумен туған 4 жасар қыздың жүрегіне жасалған күрделі ота сәтті аяқталды. Операция міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде жасалған.

Кішкентай пациент туа бітті жүрек ақауымен дүниеге келген. Өмірге келе салып, бірден қос қолқа доғасына ота жасалған. Бұл жолы оған сирек кездесетін Лобри-Пещи синдромы бойынша екінші рет хирургиялық операция жасау қажет болған көрінеді.

«Ота кезінде жүректің көлемі едәуір үлкейіп, кеңейіп кеткені белгілі болды. Операция барысында жүрек тоқтатылып, жасанды қан айналым аппараты пайдаланылды», – дейді кардиохирург Абай Сұртай.

Естеріңізге сала кетсек, Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында МӘМС пакетіне кіретін жоғары технологиялық оталардың жүрек алмастырудан басқа барлық түрі жасалады. Жыл басынан бері орталық кардиологтары 100-ден астам операция жасалған. Олардың арасында бір жасқа толмаған 55 сәби де бар.

МӘМС

Сақтандырудың жаңа тәртібі

Биылғы қыркүйек айынан бастап өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындар үшін сақтандырудың жаңа тәртібі қолданысқа енгізіледі. Заңға енген өзгерістерге сәйкес, бұдан былай сақтандыру жүйесіне қосылу үшін алдағы 12 айға жарна төлеуге болады, деп хабарлайды Медициналық сақтандыру қоры Алматы филиалының баспасөз қызметі.

Хабарламаға сүйенсек, сақтандырылмаған пациенттер медициналық көмекті пайдалану үшін қыркүйек айынан бастап 2023 жылдың қыркүйегіне дейін жарна аудара алады. Сол арқылы олар алдағы бір жылға өзін-өзі сақтандыру мүмкіндігіне ие болмақ.

Қазіргі күні өз бетінше төлем жасаушылардың ай сайынғы жарнасы 3000 теңгені құрап отыр.

Филиал басшысы Тілеухан Әбілдаевтың айтуынша, бүгінде Қазақстанда 3 млн-нан астам адам сақтандырылмаған. «Сақтандырылмаған азаматтар тәуекел тобына жатады. Өйткені, олар шұғыл жағдайларды қоспағанда, жоспарлы медициналық көмекті пайдалана алмайды. Аталған өзгерістер осының алдын алу мақсатында және халықтың сұранысы бойынша енгізілген болатын. Нәтижесінде сақтандырылмаған халықтың шамамен 30%-ы жаңа төлем түрін пайдаланады деген болжам жасалып отыр. Сонымен қатар, өткен айларға берешегі жоқ азаматтар үшін МӘМС жарнасын ай сайын төлеу құқығы сақталады», – деді Тілеухан Әбілдаев.

Естеріңізге сала кетсек, бұған дейін сақтандыру пакетіндегі қызметтерді пайдалану үшін дербес төлеушілер өткен 12 айдың жарнасын төлеуге міндеттелген болатын.

Медициналық көмек сапасына қанағаттанбаған жағдайда азаматтар емхананың пациенттерді қолдау қызметіне жүгіне алады. Егер мәселені сол жерде шешу мүмкін болмаса, МСҚ-ның fms.kz ресми сайты, 1406 байланыс орталығы, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы және Telegram-дағы SaqtandyruBot арқылы шағым қалдыруға болады.

МАМАН КЕҢЕСІ

СКРИНИНГКЕ СҮЙЕНСЕҢІЗ, ӨКІНБЕЙСІЗ



Биылғы 6 айда Алматы қаласы бойынша 2363 пациенттен қатерлі ісік анықталып, диспансерлік есепке алынған. Құрылымдық тұрғыдан алғанда, бірінші орында – сүт безі обыры, екінші – колоректалды обыр, үшінші – өкпе, ал төртінші орында асқазан обыры тұр.

Бүгінгі күні елімізде онкологиялық дерттің дес бермей тұрғаны рас. Тіпті, балалар да шалдығуда. Бірақ дәрігерлер «қатерлі ісік үкім емес» деп айтудан шаршаған емес. Ал бұл орайда скринингтен өтудің маңызы үлкен. Скрининг дегеніміз – кез келген дертті ерте сатысында анықтау мүмкіндігі. Демек, скринингке бей-жай қарама-сақ, аса қатерлі деген обыр кеселінен де сауығып кетуге болады.

– Онкологиялық сырқат көп жағдайда біраз уақытқа дейін еш-

қандай белгі бермейді, оның қауіптілігі де сонда. Әдетте, ауру симптомдары үшінші немесе төртінші сатыда ғана біліне бастайды. Сондықтан қатерлі ісіктің алдын алу мақсатында жоспарлы скринингтерден уақытылы өтіп тұру қажет, – дейді Алматы онкологиялық орталығы клиника-диагностика бөлімінің меңгерушісі Нәйля Ақжолова.

Маманның айтуынша, қатерлі ісік ағзада ұзақ уақыт бойы қалыптасып, жетіледі. Сол себепті, ерте анықталған жағдайда, аурудың асқынуына жол бермей, уақытылы ем-дом жасауға мүмкіндік бар.

– Ең алдымен, дер кезінде жасалған диагностика обырды бас-тапқы сатыда анықтап, науқасты емдеп жазуға мүмкіндік беретінін айтқым келеді. Алғашқы сатысында-ақ қатерлі ісіктен құлан-таза айығып кетуге болады. Ал үшінші, төртінші сатысында ем-домның тым ауыр түрлері, химиотерапия, радикалды операциялар қолданылады. Ісікпен кішігірім кезінде, пайда болған сәтінде күрескен жеңіп, ал үлкейіп кеткенде ол пациент өміріне қауіп төндіреді, – дейді Н.Ақжолова.

Скринингтің тиімділігі дәлелденген түрлері:

- 40 пен 70 жас аралығындағы әйелдерді сүт безі обырына мамографиялық скринингтен өткізу – 2 жылда 1 рет;
- 30 пен 70 жас аралығындағы әйелдерді жатыр мойны обырына цитологиялық скринингтен өткізу – 4 жылда 1 рет;
- 50 мен 70 жас аралығында қан арқылы, колоноскопия әдісімен тоқ ішек/тік ішек обырына тексеру – 2 жылда 1 рет.

Биылғы 6 айда Алматы қаласы бойынша 2363 пациенттен қатерлі ісік анықталып, диспансерлік есепке алынған. Құрылымдық тұрғыдан алғанда, бірінші орында – сүт безі обыры, екінші – колоректалды обыр, үшінші – өкпе обыры, ал төртінші орында асқазан обыры тұр.

Естеріңізге сала кетсек, тұрғындар скринингтен өзі тіркелген емханадан өте алады. Скринингке учаскелік медбике шақыруға тиіс. Жоспарлы тексеруден өтетін жасқа жеткен азаматтар емханаға өздері хабарласса да болады. Сонымен қатар, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 87-бабына сәйкес, жұмыс берушілер скринингтен өтетін жұмыскерлерді бір күнге жұмыстан босатуға міндетті.

ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ

Call-орталық іске қосылады

Елімізде психикалық денсаулық қызметінің call-орталығы іске қосылады.

Бұл тұрғыда Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының директоры және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс бас психиатр-наркологы Қуаныш Алтынбеков жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты.

Министрлік мәліметінше, аталған орта-



лық медициналық-әлеуметтік көмекке мұқтаж қазақстандықтарға консультациялық, психологиялық қолдау көрсету мақсатын көздейді.

«Халық толық ақпаратқа ие болмағандықтан, оңалту бөлімшелері жұмыс істейтін жерде көмекті қалай алуға болады, бұл бөлімшелерге қалай кіруге болады деген сұрақтарға жауапты осы call-орталығынан ала алады. Аталған call-орталық еліміздің барлық психикалық денсаулық орталықтарын біріктіреді», – дейді Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының басшысы.

Иә, бірыңғай call-орталық барлық ақпаратты біріктіріп, азаматтарға тиісті көмек алуға көмектеседі.



СҰХБАТ

КРЕМЛЬДІ
БАҒЫНДЫРҒАН
БАТЫР

Газетіміздің алдыңғы нөмірлерінде билырдтан екі дүркін әлем чемпионы Ернар Чимбаевтың халықаралық дәрежеде өте беделді «Кремль Кубогында» жеңіске жеткенін хабарлағанбыз. Қазақстандық спортшы елге оралған соң, оның жеңісті жолын, билырдтың қыр-сырын сұрап, Ернардан қысқаша сұхбат алдық.

— Ернар, сізді «Кремль Кубогы» жарысында жеңіске жетуіңізбен құттықтаймыз! Мәскеуде өткен бұл жарыс қалай өтті?

— «Кремль Кубогы» — билырдтан әлем чемпионатынан кейінгі екінші жүретін жарыс болып есептеледі. Биыл бұл жарысқа дүние жүзінің 8 елінен 392 спортшы қатысты. Мен үшін жарыстың басы қиындау өтті. Себебі, ойын бабына кіріп, қарсыластарыма үйренісу үшін маған біраз уақыт қажет. Дегенмен, бір-екі кездесуден кейін өзіме деген сенім артып, шеберлігімді бүкіл жарыс бойы көрсете алдым. Ал жеке қарсыластарға келсек, Қырғызстан мен Өзбекстанның спортшылары өте мықты болды. Бұл елдердің өкілдерімен жарыстың шешуші кезеңдерінде сайысқа түсіп, тартысты ойын көрсеттік. Көптеген ойындарым 5:4 есебімен соңғы партияны жеңу арқылы менің пайдама аяқталды. Бастысы, турнирде жеңіске жеткеніме қуаныштымын.

— Талай халықаралық жарыстарға қатысып жүрсіз, Қазақстан билырдтың деңгейін қалай бағалар едіңіз?

— Қазақстан құрамасының деңгейі өте жоғары. Елімізде 5 әлем чемпионы бар. Оның бірі өзім, сондай-ақ Әлихан Караневті айта аламын. Ол — әлемнің 3 дүркін чемпионы. Қаныбек Сағындықов, Әуез Елубаев және Әлімбек Омаров та билырд әлемінің шыңына шыққан жігіттер. Оларды дүние жүзі бойынша билырд сүйер қауым таниды. Жас спортшыларымыздың да қарқыны жаман емес. Әрқашан бірінші орын ала бермесе де, халықаралық жарыстарда кемі жүлдегер болып келеді.

— Алда билырд федерациясының және өзіңіздің қандай жоспарларыңыз бар?

— Биыл қараша айында кезекті әлем чемпионаты өтуі керек. Қазіргі басты назар осы жарыста. Дегенмен, одан бұрын 20 қыркүйекте ішкі біріншілік өтеді. Осы турнирде



— Сіз билырдтың «құрама пирамида» атты сайысынан жеңіске жеттіңіз. Билырдтың бұл түрінің ерекшелігі қандай?

— «Құрама пирамиданың» билырдтың өзге сайыстарынан басты ерекшелігі — ол тек қызыл шармен ойналады. Өз кезегінде ұпай жинаған адам өзіне кедергі жасаған шарды төрешіге айтып алып тастай алады. Бұл да айтылған сайыс өзгешеліктерінің бірі.

— Билырдқа деген қызығушылық қашан пайда болды? Осы спорт түрінен кәсіби спортшы боламын деп ойладыңыз ба?

— Алғаш рет билырд таяқшасын 2003 жылы 15 жасымда қолға алдым. Ол кезде тек ойын ретінде уақыт өткізу үшін баратынымын. Алайда, уақыт өте келе, спорттың бұл түрі маған жақын екенін түсіндім. Кәсіби спортшы болғым келді, сондықтан есейген сайын күнделікті жаттығу жасауға кірістім. Билырдқа көңіл қойып, нәтижесінде бірнеше рет Қазақстан чемпионы, 2010 және 2021 жылдары әлем чемпионы атандым. Қазір өзім жарысқа қатысатынын ойыншы ғана емес, жаттықтырушы қызметін атқарамын. Шәкіртімнің алды еліміздің чемпионы атанып та үлгерді.

ТЕННИС

ЖІБЕК ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

Қазақстандық теннисші Жібек Құламбаева жұптық сында Алматы ITF W25 турнирінің жеңімпазы атанды.

Қазақстандық теннисші ресейлік Екатерина Яшинамен бірге осы жарыстың 2-ракеткалары болып тіркелген еді. Олар финалда доданың 1-ракеткалары, ресейліктер Амина Аншба — Софья Лансермен бас жүлдені сарапқа салды. Финалға сай тартысты өткен бәсекеде қазақстандық-ресейлік жұп 7:6 (7:4), 5:7, 10:8 есебімен жеңіске жетті. Осылайша Құламбаева жұптық сында өзінің спорттық жолындағы 18-титулына қол жеткізді.

Жібектің Алматы жарысының абсолютті



чемпионы атанатындай мүмкіндігі бар. Ол жекелей сында да финалдық матчын өткізеді.

ХОККЕЙ



БӘРЕКЕЛДІ, «САРЫАРҚА»!

Ішкі чемпионаттың басталуы қарсаңында Елордада дәстүрлі түрде өтетін хоккейден Қазақстан кубогының кезекті жеңімпазы анықталды.

Бұл жолы беделді олжа үшін еліміз өңірлерінен жиналған 11 клуб пен Өзбекстаннан келген «Хумо» командасы сайысқа түсті. Топтық кезеңнің және жартылай финалдың қорытындысы бойынша актық сайыста Қарағандыдан келген, Қазақстанның қазіргі чемпионы «Сарыарқа» мен Pro Hockey League маусымының күміс жүлдегері, көкшетаулық «Арлан» кездесті.

Тартысты күресте 3:0 есебімен қарағандылықтар жеңіске жетті. Кубоктың үздік хоккейшілері болып қақпашы Максим Грязнов, қорғаушы Иван Степаненко (екеуі де — «Арлан»), шабуылшы Андрей Лагунов («Сарыарқа») және жас ойыншы Всеволод

Логвин («Номад») атанды.

«Хоккейшілерді, жаттықтырушылар штабын, «Сарыарқа» хоккей клубының басшылығын және жанкүйерлерін Қазақстан кубогының финалындағы сенімді жеңісімен құттықтаймын! Үшінші жыл қатарынан қарағандылық клуб осынау кубоктың иегері атанып отыр. Бұл жеңіс шын мәнінде команданың турнир бойы көрсеткен жарқын ойынының сәтті нәтижесі. Финалдық ойын — жанкүйерлер мен осы спорт түрін ұнататындар айрықша күтетін шешуші сәт. Командаларға шексіз эмоция сыйлағаны үшін алғыс айтамын», — деді ҚР Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев.

ЖАҢАЛЫҚ

ӘЛЕМДЕ
ЖЕТКЕН
ЖЕҢІСТЕР

Қазақстандық спортшылар әлемдік аренада бірқатар ірі жеңістерге жетті.



Дзюдодан Қазақстан командасы Австрияда өткен Еуропа Кубогында екі медаль жеңіп алды.

Ермек Амангелді (66 келіге дейін) жеңіс тұғырының екінші сатысына көтерілсе, 60 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Шерзод Давлатов қола жүлдені жеңіп алды.

Сондай-ақ, қаратәден Қазақстан коман-

дасының өкілдері Дидар Әмірәлі мен Қайсар Алпысбай Бакудегі Премьер-лига жарысында үшінші орын алды.

60 келіге дейінгі салмақта қола үшін таласқа түскен Қайсар Алпысбай иорданиялық Омар Шахранның басым түсті. Ал Дидар мароккалық Алами Анасты жеңіп, 67 келіге дейінгі санатта қола жүлдегер атанды.

ЕСКЕК ЕСУ

МАРИЯ – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ!

Мария Боровкова ескек есуден әлем чемпионы атанды.

Қазақстандық Мария Боровкова Венгрияда ескек есуден жастар арасында өткен әлем чемпионатында жеңімпаз атанды.

Отандасымыз каноэ (жалғыз) жарысында 1000 метр қашықтықта алтын алды. Мария 4:35.69 — C1 (18 жасқа дейін) нәтижесімен бірінші болып мәреге жетті.

Сондай-ақ, ол 500 метр қашықтықта үшінші болды (жалғыз каноэ), 2:08.09 нәтиже көрсетті. А финалында жеңіске жеткен Ли Ли (Қытай) — 2:05.45, екінші болған Агнес Анна Кисс (Венгрия) — 2:05.62 уақытта жетті.

Айта кеткен жөн, Мария — 2022 жылғы Азия чемпионатының күміс жүлдегері.



БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА

Қазақстандық Ерасыл Ерділдә Шолпан-Атада (Қырғызстан) 18 жасқа дейінгілер арасында өткен үшінші санаттағы ITF турнирінің абсолютті чемпионы атанды.

Бетгі дайындаған Досбол АТАЖАН.



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503
(жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге
3 айға – 1801,50 теңге

15503
(кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге
3 айға – 4861,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен
ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге
3 айға – 1321,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне үш айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY»

жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –

алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2022 жылғы 29 қыркүйек, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17 п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, кулондар, алқалар).

Лоттар саны – 1051 дана.

Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmbn.kz электрондық поштасы бойынша 2022 жылдың 26 қыркүйек, сағат 18.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әдісі – Голландтық.

Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының (МАЭС) №7527-22-3-1/9074 ұйғарымымен 2022 жылғы 22 тамызда, мекенжайы: Алматы қ., Байзақов к-сі, 273 Б үй, «Green House-жасыл үй» ЖШС банкроттық туралы іс қозғалды, БСН 030640000988.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

БІЛІМ



Екі жаңа мектеп ашылды

Алматыда өткен Тамыз конференциясы кезінде шаһар басшысы Ерболат Досаев қала бойынша мектептердегі орын тапшылығы мәселесін шешу үшін тек мемлекеттік емес, жекеменшік білім ордаларын да көбейту керектігін айтқан болатын.

Әкім тапсырмасына орай 1 қыркүйек күні Наурызбай ауданында 2400 орынға арналған қосымша 2 мектеп ашылды. Оның бірі мемлекеттік №206 мектеп, ал екіншісі заманауи техникалармен жабдықталған заманға сай ZAMAN SCHOOL элиталы қазақ мектебі.

Бұл білім ордасы Алматы қаласының ТОП 10 маңызды жобаларының қатарына енді. Қазақтың ұлттық мәдениеті мен білім беруді дамытуға аса назар аударатын ZAMAN SCHOOL-де инновациялық және оқытуда жоғары тиімділікті қамтамасыз ететін жаңа енгізілген білім беру жүйесі қолданылады.

ZAMAN мектебі ұлттық болмысқа тән және қазіргі заманға сай озық тұлғаны тәрбиелеу мақсатын ұстанады.

Мектептің ашылу салтанатына қатысқан Наурызбай ауданы әкімінің орынбасары Мирас Нысаналиев мектептің ашылуымен құттықтап, ағымдағы жылдың соңына дейін тағы 2700 орынға арналған 2 мектепті ашу жоспарланып отырғанын («Алма сити-5» ТК, «Қалқаман» ш/а) айтты.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ӨТТІҢ, ДҮНИЕ...

Абзал азамат еді...

Қазақстанның тұңғыш энергетика және отын ресурстары министрі Қадыр Бәйкенов 78 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.



Ғылым ордасы РМҚ ғимаратында өткен қаралы жиынға марқұмның туыстары, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым, достары және қала тұрғындары қатысты. Қазаға орай Қазақстан Республикасының Президенті, Премьер-Министрі, қала әкімі және басқа да лауазымды тұлғалар көңіл айтты.

Қадыр Бәйкенов 1967–1985 жылдар аралығында инженер-конструктор, цех бастығы, өндіріс жөніндегі бастықтың орынбасары, бас инженердің орынбасары, партком хатшысы, Алматы ауыр машина жасау зауыты директорының экономика жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған.

1985–1987 жылдары Қазақстан Компартиясы Алматы обкомының хатшысы болған.

1987–1989 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары лауазымында қызмет етті.

1989–1991 жылдары Қазақстан Компартиясы Алматы қалалық комитетінің бірінші хатшысы және Алматы қалалық кеңесінің төрағасы болды.

1991–1993 жылдары ҚР Премьер-

Министрінің орынбасары болып істеді.

1993 жылы ҚР Энергетика және отын ресурстары министрі қызметіне тағайындалды.

1994–1995 жылдары ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі комитетінің төрағасы болған.

1998–1999 жылдары «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясының президенті болып жұмыс істеген.

1999 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Инвестконсалтинг» компаниясы» ЖШС президенті болған.

Абзал азаматымыз «Кеңсай-2» зиратына жерленді.



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Almaty Aqparat» ЖШС.

almaty-aqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор – Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA»

әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



АЛМАТЫ – ЖАСТАР ҚАЛАСЫ

ЖАСТЫҚТЫҢ ӨЗІ ӘДЕМІ

Айнұр
СЕНБАЕВА

Күзгі Алматы сондай көрікті, мың бояулы қаланың сұлулығы көз тартады. Күндіз-түні қарбаласып жататын қалада соңғы күні тіршілік тіпті жандана түсті. Өйткені, аппақ жейделі ұлдар мен ақ бантикті қыздар мектепке ағылуда. Көктемде қайтып келетін қарлығаштардай студенттер мен жастар күздің алғашқы күндерінде қала көшесінің сәнін кіргізе түсті. Қала көшелерінде ағылып жатқан халықтың арасында жастардың жайрандап жүргені қандай тамаша!

Аялдамада автобус күтіп тұрғанымда, жаным қазақтың қараторы сүйкімді қызы келді. Бірдеңе сұрайын десе ұялып тұрғандай көрінді, жан-жағына жалтақтап қарап қояды. Сол кезде осыдан 20 жылдай бұрын Алматыға арман қуып келген кезіміз еріксіз көз алдыма келді. Көшедегі адамдарға қарап тұрып, көптің ішінде жүзі жылысынан жөн сұрайтын едік. Әлгі әдемі қыз жаным жақынырақ келді де: «Тәте, метроға қалай отырамын?» деп сұрады. Білгенімше, жөн сілтеп, метроға отырғызып жібердім. Өзге қаладан, елдімекендерден келген жастарға Алматының метросы таңсық қой. Жанары жанып тұрған биязы қыз рахметін айтып кете барды. Осындай еліктің лағындай сүйкімді қыздарды көргенде, Бақыт Беделхан ақынның өлең шумақтары еріксіз ойыма орала берді:

«Алматыға ауылдан кеше келген,
Ізетті қыз екенсің шеңше көрген.
Сүрінбеймін десең де неше жерден,
Бүлінбеймін десең де неше жерден,
Қала деген сондай гой, жетегіне ап,
Жолмен емес, жүргізер көшелермен...».



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Бұрын әжелеріміз «Жастықтың өзі әдемі» деп отыратын еді. Сол сөздің мәнісін енді түсіне бастағандаймыз. Өйткені, жастарға бәрі жарасады. Өзінің ауылынан ұзап шықпаған балалардың үлкен мегаполистегі «балмуздақ» шағы да әдемі, жан-жағына қарап бой түзеп, студенттік өмірдің қызығына тоймай жүрген шақтары да әдемі. Ең алғаш жұмысқа тұрып, жалақысын алған сәті қандай? Жастар – асқақ арман мен үміттің, биік ар мен өр намыстың символы. Еліміздің басты байлығы халқы десек, соның ішінде жастар – қоғамның жетекші күші ретінде еліміздің дамуы үшін жауапты. Бірақ жастарға жауапкершілік артпас бұрын да ата-ана, барша қоғам болып жағдай жасасак, ұрпақ алдында қарыз болып қалмас па едік.

Соңғы кезде әлеуметтік желілерден Алматыға оқуға келген жастардың тұратын жері болмай, жай-күйлері келіспей жүргенін

жиі оқып, көзімізбен де көріп жүрміз. Жоғары оқу орындарының студенттерді толық жатақханалармен қамтамасыз ете алмауы – үлкен мәселе. Жалдамалы пәтерлердің құны шарықтап тұр. Пәтер иелері бір пәтерге 3-4 адамнан артық алмайды. Бір кездері ата-анамыз ауылдан қалаға келгенде туыстарының үйіне балаларын орналастырып, тапсырып кетуші еді. Бүгінде жастар туыстардың қасқабағына қарап, асына ортақтасқанша, хостел жағалап, пәтерде тұрғанды жөн көреді. Бұл да заманның өзгешелігі болса керек.

Ежелден Алматы – жастардың қаласы екені айтылады. Статистикаға сенсек, соңғы 40 жылда қала халқы екі есеге өсіпті. Қазіргі кезде мегаполисте ресми дерек бойынша 2 миллионнан астам адам тұрады, оның 500 мыңға жуығы 30 жасқа дейінгі жастар. Жастардың баспанамен қамтылуы – кезек күттірмейтін мәселе. Қо-

ғам арасында, тіпті қаладағы мешіттердің жартысын жатақханаға айналдыру мәселесі де айтылып қалады. Қалай десек те, жастардың қала көшелерінде сенделіп жүруі жарамайды. Жоғары оқу орындарына грант бөлгенде, олардың студенттерді қаншалықты жатақханамен қамтамасыз ете алатыны да ескерілсе деген тілек бар.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осы мәселені өзінің халыққа Жолдауында да көтерді. Мемлекет басшысының жастардың алаңсыз білім алуына жағдай жасалуы тиіс деген сөзінен ертеңге деген сенімнің күші байқалды.

«Маңызды мәселе – студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету. Бұл түйткілді шешу үшін жоғары оқу орындарымен және құрылыс компанияларымен мемлекеттік-жекеменшік серіктестік орнату тәсілін барынша енгізу керек. Сондай-ақ, барлық мәселенің шешімін табуды мемлекеттің мойнына ілу дұрыс емес деп санаймын. Сол себепті, мемлекеттен қаражат алу үшін жекеменшік жоғары оқу орындарының жатақханасы болуы шарт. Әрине, мұны оқу орындарынан біртіндеп талап еткен жөн. Студенттердің жекелеген, әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған санаттары үшін пәтер жалдауға кететін шығынын субсидиялау мүмкіндігін де қарастыруға болады. Жоғары оқу орындары жанындағы эндаумент-қорлар білім берудің экожүйесін дамытудың негізгі буынына айналуға тиіс. Мақсатты капиталдың мұндай қорлары әлемдегі озық университеттерде ғылымды және инновацияны қаржыландырудың өзегі саналады», – деді Президент.

Иә, жастық – білімді бойға дарытып, даналықты меңгеруге таптырмайтын кез. «Жастық шағын – жарқын жаздың бейнесі, құтты жаздың ала алсаң, жоқ бермесі» дейді Сәбит Мұқанов. Жастардың ойында сан түрлі арман мен алдында нық жоспар тұрғаны жақсы-ақ және соның барлығына қол жеткізетіндей жігер тағы керек.

МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРА



Көктөбедегі концерт

Алда келе жатқан «Алматы күні» қарсаңында демалыс күндері Көктөбенің сахнасында мерекелік концерт ұйымдастырылды.

Қаламыздың ең биік нүктелерінің бірінде алматылықтарға Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры екі күн өнер көрсетіп, мерекелік көңіл күй сыйлады. Көпшілік қауым алдында опера театрының үздік солистері мен симфониялық оркестрлері, ҚР еңбек сіңірген қайраткерлері өз өнерлерін паш етті. Сондай-ақ, онда арнайы шақырылған «IL Canto» квартеті мен испаниялық опера солисі Оскар Марин сынды шетелдік қонақтар да болды.

«Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының екі күндік концертін Мәдениет басқармасы ұйымдастырды. Бұл қала күніне орай өтетін мерекелік іс-шаралардың алғашқысы болды. Алдағы күндері де көптеген концерт-фестивальдер өтеді», – деді Алматы қаласы Мәдениет басқармасының өкілі.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ALMATY MOUNT FEST-2022

ШАҒАР ШЫҢДАРЫ
АДАМҒА ТОЛДЫ

Қала әкімдігінің қолдауымен мегаполисте үш күнге созылған дәстүрлі Almaty Mount Fest-2022 фестивалі өтті.

Досбол
АТАЖАН

Фестивальдің алғашқы күні кәсіпқой спортшылар ең тартымды спорт түрлерінің бірі downhill жарысында өз күштерін көрсетті. Ал жаппай тауға шығу бойынша туриада жарысында 750 тау саяхатшысы бірікті.

Осылайша downhill жарысында «Ерлер арасындағы Master» санатында Виктор Балан, «Ерлер арасындағы Elite» санатында Роман Марченко, «Әйелдер» санатында Сабина Фишер, «Junior» санатында Рауль Рахимов үздік болды. Барлық мәреге жеткен қатысушыларға естелік медальдар мен сертификаттар табыс етілді. Ал жеңімпаздар жоба серіктестерінің медальдары мен ақшалай сертификаттарымен марапатталды. Жаппай жорықтың барлық қатысушылары естелік кәдесыйларға ие болды.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Сонымен қатар, Almaty Mount Fest ұйымдастырушылары БАҚ өкілдері үшін «Медиа жорық» арнайы таулы маршрутты әзірледі. 20-дан астам журналист бір топқа бірігіп, Медеу-Горельник бағытын өңсерді.

Фестивальдің екінші күні тағы екі сайыс ұйымдастырылды. «Молодежный» шыңында тауға шығуға 1000 адам, ал скайраннинг (жылдам жүгіру) жарысына 250 спортшы қатысты.

«Молодежный» шыңын бағындыру бойынша альпиниадада қатысушылар 4147 метр биіктіктегі шыңға жету жолында сан алуан таулы

жерлерден тоғыз мың метрден астам қашықтықты өңсерді. Бұл жарысты Алматы қаласының альпинизм федерациясы ұйымдастырды.

«Мен 2016 жылдан бері Алматының барлық тау фестиваліне қатысып жүрмін. Ұйымдастырушылар әзірлеген альпиниаданың классикалық бағыты онымен алғаш рет серуендеп жүрген адамдар үшін де ыңғайлы. Мұндай фестивальдер таулы өлкеміздің танымал болуына ықпал етеді, сонымен қатар қатысушылардың бір-бірімен пайдалы ақпарат алмасуына және шетелдік қонақ-

тардың тәжірибесін үйренуіне мүмкіндік береді. Осындай шаралар жиі өткізіліп тұрса екен деген ниетім бар, келесі жолы да міндетті түрде қатысамын», – деді альпиниаданың қатысушысы, тау гиді Руслан Милхалдаров.

Фестивальдің қорытынды үшінші күні ұйымдастырушылар бизнес-форум өткізді. Онда Қазақстан, Австрия, Франция, Ресей, Швейцария, Әзербайжан, Өзбекстан және Қырғызстан қатысушылары мен спикерлері тау курорттарының дамуы мен проблемаларын талқылады.